

# ЕҢ АСЫЛ МҰРА

(қияли-тарихи драмалық шығарма)

## Басты кейіпкерлер:

**1. Томирис ұрпағы** – Біздің дәуірімізге дейінгі 529 жылы сақ елін бағындырмақ болған парсы патшасы Кирді талқандаған Томирис патша-айым ұрпағы. Түркістан қаласынан келген.

**2. Құлтегін ұрпағы** – Біздің дәуіріміздің 732 жылы өмірден өткен, Түрік қағанатының қағаны Құлтегін ұрпағы. Маңғұлдар елінен келген ер адам, 30 жаста.

**3. Баязит ұрпағы** – 1396 жылы, Кіші Азияға Европа елдерінің рыцарлары ұйымдастырған крест жорығын күйрете жеңген (рыцарлар осыдан кейін крест жорығын армандауды қойған болатын) түркілік қолбасшының ұрпағы, 35 жаста. “Бұл жұдырықтай Әлемге екі жұлдыз жараспайды” деген сөзі үшін 1402 жылы Ақсақ Темір Анкара түбінде Баязит әскерін талқандаған. Сол соғыста Баязит өлген. Баязит сұлтан Еуропаның бірнеше елдерін (Болгария, Македония) бағындырған.

**4. Едіге ұрпағы** – Шыңғыс ханнан Маңғыстауға қашып тығылып, қайыршылықта өлген Хорезмшах Мұхамметтің ұлы Джалаладдинді 1231 жылы қапыда жазым еткен жалдамалы курд батырын іздеп тауып, 1240 жылы жекпе-жекте жеңіп шыққан, ұзақ жылдар бойы Алтын Орда мемлекетінің әскери қолбасшысы болған, әрі ел ноқтасын ұстаған Ер Едіге тұқымы. Астарханнан келген. Ер адам, 40 жаста.

**5. Қазтуған жырау ұрпағы** – өз заманындағы ұлы мемлекет Алтын Орданың ыдырап бара жатқанын көзімен көріп зар жылаған (1420 жылы қайтыс болған), адам Ер адам, 45 жаста. Сарайшықтан келген.

**6. Бұхар жырау ұрпағы** – Арқа қазағы. Ер кісі, 50 жаста.

**7. Қазақбай** – Осы заман адамы, парасатты кісі, 60 жаста. Алматыдан бұл араға дәрі шөп жинауға келген.

8. **Ақын.** Суырып салма ақын. Ер кісі, 30 жаста. Ұлытауда тұрады. Үйленбеген, Томирис ұрпағына ғашық болып қалады. Бұл араға кездейсоқ келген.
9. **Бейбарыс ұрпағы** – Ақынның жолдасы. Ер кісі, Мысырдан келген. 30 жаста. Бұл араға кездейсоқ келген.
10. **Ақсақ Темір ұрпағы.** Самарханнан келген.

### **Мазмұны**

<b>1 бөлім. Қазығұрт басындағы кездесу</b>	<b>4</b>
<b>2 бөлім. Бабалары мен балалары</b>	<b>9</b>
<b>3 бөлім. Өсиет</b>	<b>23</b>
<b>4 бөлім. Талқы</b>	<b>36</b>
<b>5 бөлім. Бірлік</b>	<b>45</b>

### **1 бөлім. Қазығұрт басындағы кездесу**

Барлық уақиға Қазығұрт тауының басында 2001 жылы Наурыз айының 22-де, Ұлыстың Ұлы күні, таңсәріде өтеді

Бұл бөлімде ежелгі заманнан жеткен бабалар аңызын мың жыл бойы ауыздан ауызға ауыстырып, көңілден көңілге көшіріп, өздеріне рухани азық еткен, сол мұраны бұ күндерге жеткізген адамдар ұрпағының, ғажап жандардың Қазығұрт тауының басындағы кездесуі туралы баяндалады.

*Тау басы. Таң атып келе жатады.Сахнада тау басында дәрілік шөп жинап жүрген, жасы алпыстардағы бір адам (Қазақбай) ұзақ, телміре шөп гүлдерін бақылап, тас үстінде отырады. Тау басына бір қыз (Томирис ұрпағы) көтеріледі. Қолында өрнекті киіз қапты жиналмалы домбырасы болады.*

**Томирис ұрпағы.** Сәлем бердік!

*Отырған адам шошып қалады.*

**Қазақбай.** Уағалайкум-ас-салам!..

**Томирис ұрпағы.** Кешірерсіз, ағасы! Шошытып алдым-ау деймін!.. Жолым болғыш жан екенмін ғой, мен деген! Мына тау басында Сізді кездестіргеніме қандай қуанып тұрмын десеңізші!.

**Қазақбай.** Мына сары-ала-таңда... есіз тауда... кенеттен... шошып қалғаным рас... Жарқыным-ау! Қыз баламысың! Неғып жалғыз жүрген жансың?

**Томирис ұрпағы.** Әкемнің айтқаны шындық болса жалғыз бола қоймаспын деп келе жатыр едім. Неге жаңғыз боламын, Сіз менен де бұрын келіп үлгеріпсіз ғой.

*Бұлардың қасына жақын келген тағы бір кісі әңгімеге араласады.*

**Құлтегін ұрпағы.** Таңдарың қайырлы болғай!.. Есіз тау деменіз, ағасы. Неге есіз болсын! Таң атып үлгермей жатып төбесінде арыстай-арыстай боп, үш бірдей ұл-қызы тұрған тау есіз болушы ма еді?.. Ал біздер, шет елде жүрген қазақтар, өмір бойы бұл жерді, осы Қазығұрттың топырағын аяғымызбен баспасақ та, осы таудың тасы мен шөбін көзімізбен көрмесек те өзімізді осы таудың бауыройында туғандай сезінеміз. Сағынамыз.

**Қазақбай.** Жолың болсын, шырағым!.. Бірің кенеттен абайсызда шошытып, енді бірің қапияда сөзбен матап, ағаларыңды іске алғысыз еттіңдер-ау, іні-қарындастарым!.. Мен “есіз” деген сөзді бұ тау басында адамдар тұрмайды деген мағынада айтып едім. Әйтпесе қазақ халқы жер бетінде тірі тұрғанда қасиетті Қазығұрт есіз болушы ма еді, егесіз болушы ма еді!.. Шет ел болғанда қай жақтан келдің, шырағым?

**Құлтегін ұрпағы.** Мұңғұл жеріненмін. Баян өлкесіненмін. Өзіңіз қай елден келдіңіз?

**Қазақбай.** Мен көктем мен күздің көп күндерін Алматыдан келіп осы тау басында өткізетін адаммын. Дәрі шөп жинаймын.

*Көкжиектен күн шапағы қылаңданып, аспанды арайландыра түседі. Ұзақ жолдан шаршап келе жатқандары байқалғанымен, жүздерінде таңырқау мен қуаныш сезімдері басымырақ адамдар тау басына жинала бастайды. Тау басына тағы екі кісі көтеріледі (Баязит және Қазтуған ұрпақтары қосарлана сәлем береді).*

*Тұрғандар жамырай сәлем алады.*

**Қазақбай.** Астафралла! Көктен нұр боп жауып жатырсыздар ма? Әлде жерден көктеп шығып жатырсыздар ма? Күн нұрымен қосылып Қазығұрт басын гүл жайнатып жібердіңдер ғой, айналайындарым-ай!.. Қай жаққа бет түзесеңдер де, не мақсатпен жүрсеңдер де жолдарың болғай, іні-қарындастарым!..

**Баязит ұрпағы.** Ағасы, Нұх пайғамбардың кемесі қалған қасиетті Қазығұрт тауының басы дейтін жер осы ма екен?..

**Қазтуған ұрпағы.** Осы, осы!.. Аға, мына кісі алыстан, Түріктер жерінен, келе жатқан, тегі түркі ағайын екен. Жолға бірге шығып едік. Осы сұрағымен менің есімді тандырып жіберді. Қазығұрт тауы осы деңізші, жаны тынышталсын.

**Қазақбай.** Осы, шырағым, осы. Япырым-ай, анау жақтан да кісілер көріне бастады... Бұ не ғажап?.. Асылы бұл тегін болмас... Жүрегімнің әлденеге өрекіп бара жатқаны, бір жақындап қалған қуанышты сезгендей ме, өзі!?. Жақсылыққа көрінгей дағы...

**Томирис ұрпағы.** Тегін емес, аға! Тегін емес!

**Баязит ұрпағы.** Шет елден, шет жерден мен секілділер келіп жатқанда, қалың қазақтың қақ ортасындағы бұ тау басы бүгін қалың қазаққа толар-ау!.

*Бұларға Едіге ұрпағы келіп қосылады.*

**Едіге ұрпағы.** Қайырлы таң болғай! Жынды адамдай тау басында жаңғыз тұрар ма екенмін деп, Орынбордан осында жеткенше өзімнен-өзім ұялып келе жатыр едім. Бұл тіршілікте мен секілді Қожанасырлар әлі де бар екен. Құдайға шүкір!... Мені осында жетектеп әкелген аңыз өмір бойы күдікті боп көрініп келіп еді, енді ғана шындық екеніне көз жете бастағандай.

*Тұрған топқа тағы бір кісі қосылады (Бұхар жырау ұрпағы).*

**Бұхар жырау ұрпағы.** Ассалаумағалайком, бауырлыр!.. Үлгердім-ау! Кешігіп қаламын-ау деп қатты қауіптеніп едім, Құдайға шүкір, үлгердім-ау!..

*Тағы бір кісі, Ақсақ Темір ұрпағы, келіп қосылады.*

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Ассалаумағалайкум! Мына тұрған Ташкеннен ең бірінші болып тау басына көтерілемін ғой десем, халық жиналып қалыпты ғой.

**Қазақбай.** Ал, сіздердің де жолдарың болғай, қарақтарым!.. Таң атпай бұ тау басына қалай жинала қалдыңдар?.. Қатты таңырқап тұрмын... Жөндеріңді айтыңдаршы, жарқындарым!..

*Көкжиектен күн көтеріле бастайды. Бар әлем нұрлана түседі. Барлығының назары сонда.*

**Томирис ұрпағы.** Кәзір, аға. Алдымен аталар тапсырмасын орындап аламық. Сосын бәрін айтып беремін, бірінші келген мен ғой, өзім айтып беремін! Күн шығып қалды!.. Содан соң бұдан мың жыл бұрын болған уақиғаны күні кеше ғана болғандай етіп, өзім көргендей ғып қатырып әңгімелеп беремін.

**Құлтегін ұрпағы.** Күнді қарсы алайық!

**Баязит ұрпағы.** Күнге сәлем берелік!

*Барлығының назары күнде. Күн толық дөңгеленіп көрінеді. Адамдар жол дорбаларынан, қалталарынан саз аспаптарын (жиналмалы домбыра, саз сырнай, шаңқобыз, қобыз, сыбызғы секілді жолға алып жүруге ыңғайлы саз аспаптары) шығарып күйге келтіріп дайындала бастайды.*

**Бұхар жырау ұрпағы.** Жарықтық мына күннің соншалықты әдемі көтерілуін-ай! Бүкіл жер-жаған нұрланып сала берді ғой!.. Ой, шіркін-ай! Біздің бала кезімізде тек жас келіндер емес, тіпті қарт әжелердің өздері жаңа көтерілген күнге, жаңа көрінген айға басын иіп, тізесін бүгіп құрмет көрсетіп жатушы еді... Бұ күнде бұл жер үстінде адам баласы табынатындай қадір-қасиет қалмауға айналды ғой... Бәрі қараланған, бәрі жараланған... Бәрі бір-бірінен ажыратылған...

**Томирис ұрпағы.** *(Күнге қарап екі қолын көтереді)* Аллатағала қасиетті етіп жаратқан Күн Тәңірім!.. Бүгін біздер, осы қасиетті Қазығұрт басына жиналған адамдар, бір кездегі өз бабаларымыз бен

аталарымыздай, әжелеріміз бен аналарымыздай саған сәлем етуге келдік!..

**Құлтегін ұрпағы.** Сәлем саған, Жаңа Жыл!

**Баязит ұрпағы.** Сәлем саған, Жаңа Ғасыр!

**Едіге ұрпағы.** Сәлем саған, Жаңа Мың Жыл басы!

**Қазтуған ұрпағы.** Сәлем саған, қасиетті Күн Тәңірім!

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Ассалаумағалайкум арайлы таң!

**Бұхар жырау ұрпағы.** Сәлем саған, туған күн! Сәлем саған қасиетті қазағымның байтақ даласы!

*Күн нұры дөңгеленіп толысқан кезде барлығы да оң қолдарын жүректеріне қойып, , ерлер басын иіп қыз тізесін иіп күнге сәлем етеді. Қазақбай таңданып тұрады.*

**Құлтегін ұрпағы.** Бүгін – Түркі ұлысының Ұлы күні!.. Біз естіп жүрген аңыздарда бұдан мың жарым жыл бұрын менің Құлтегін бабам билеген Түркі Қағанатының ең ұлы мейрамы да Наурыз күні болған екен...

Бұл күн тек қана түркі қандастар емес бүкіл адамзат балаларының тойлауға тиісті күні емес пе. Бүгін тек қана биылғы жаңа жылдың басы емес, жаңа ғасырдың және жаңа мың жылдықтың да алғашқы күні! Бұл күнді біздің елде Ұлыстың Ұлы күні деп атайды.

**Томирис ұрпағы.** Біздің дәуірімізге дейін өмір сүрен Томирис елі де бұл күнді Ұлыстың Ұлы Күні атаған екен.

**Едіге ұрпағы.** Қасиетті күн ғой бұл! Ызғардың жылыға, қараңғының жарыққа жол берер күні! Жаратылыстың теңдікке жетер күні!

**Қазтуған ұрпағы.** Жаңа жылдан, Жаңа ғасыр басынан тілек тілеңіздер! Алла тағала қабыл етер, біздердің бүгінгі тілегімізді.

**Баязит ұрпағы.** Бүгін – Түркі әлемінің Жаңа жылы!

**Бұхар жырау ұрпағы.** Ағайындар! Жаңа жылдарың құтты болғай! 2001-ші жыл! Наурыз айының 22-ші жұлдызы! Құтты болғай бәрімізге!

**Қазақбай.** Бүгін Наурыз мейрамы екен ғой!.. Мен шөпті қызықтап жүріп, Наурызды да ұмытып кетіппін-ау!.. Құтты болсын, Наурыздарың! Жаңа Жыл бәрімізге бақыт әкелгей!

**Дауыстар.** *(Бір-бірін құттықтайды, қол алысып, құшақтасып жатады).*

- Құтты болсын!
- Құттықтаймын!
- Жаңа күн шатты болғай!
- Жаңа Жыл бақытты болғай!
- Жаңа ғасыр тыныштық әкелгей!
- Мың жылдық бәрімізге де бірлік пен береке әкелгей!

*Жоғарыдан бір құдіретті дауыс: “Тілектерің қабал болғай!” – дейді. Тұрғандар шошынып көкке қарап қалады. Шымылдық жабылады.*

## **2 бөлім. Бабалары мен балалары**

Бұл бөлімде жолаушылар мен олардың бабалары туралы баяндалады.

*Барлығы да Көктен естілген құдіретті дауыстан шошынып қалғанымен жақсылыққа жорып жатады.*

*Дауыстар:*

- *Қасиетті бабалар біздерді ұмытпаған екен!*
- *Бұл Көк Тәңірінің даусы болар!*
- *Алла тағала бізді қолдап жатырғаны ғой, шамасы!*

**Баязит ұрпағы.** Ағайындар! Біздің бұл бас қосуымызға Алла тағаланың өзі риза болып жатыр ма деп қалдым. Әйтпесе, Көктен жеткен құдіретті дауыс Алланың құдіреті болмай, кімдікі болушы еді.

**Қазақбай.** Япырым-ай! Көз көрмесе адам сенетін нәрсе ме бұл? Айтсаңдаршы, қарақтарым, не сыр бар? Кім жинады сіздерді бұл жерге?

**Томирис ұрпағы.** *(Сезімдене сөйлейді).* Онда тыңдаңдаршы мені!. Мен сан ғасырлар бойы біздердің бабаларымыздан әкеден балаға өсиет-мұра боп келе жатқан, маған әкемнің соншама жаттатқан бір-екі ауыз сөзін айтып берейін... Әкем дауыстап айт, бүкіл елге естіртіп айт, мақтанып айт, қуанып айт дейтін еді...

**Қазақбай.** Қызым! Әкең не тапсырып еді?.. Әй, бәсе! Осы жиынның бір сыры бар екенін жүрегім сезіп тұр еді!.. Айтшы қалқам, ол не сөз, қандай сөз?..

**Томирис ұрпағы.** ...Адамдарының есінде қалмастай ескі заманда кәзіргі түркі тектес әр түрлі елдер бір кісінің балалары екен. Солар заманынан бір аңыз-өсиет қалыпты... Дәл осы жерде, Қазығұрт тауының басында Аллатағаланың бұйрығымен топан су тартылғанда Нұх пайғамбар кемесі тоқтаған екен. Нұх пайғамбардан тараған түркі нәсілді пенделер бір кезде осы ен далаға сыймастай болып көбейіпті. Заманнан заман өткенде жапырағы жайылған, тамыры тереңдеген түркі тұқымдас қарындастарға Қаратау маңы тарлық етіпті. Содан жан-жаққа тарап, жаңа қоныс іздемек болып, бір-біріне өсиет-ант берісіпті...

**Қазақбай.** Естімеген елде көп деген, міне ғажап!..

Дауыстар:

- Дәл айтады.
- Дұрыс айтып тұр.
- Солай, маған менің атам да дәл осылай айтқан.
- Біздердің де айтарымыз сол.

**Томирис ұрпағы.** Бір замандарда түркі тұқымдас тайпалар әр мың жыл сайын жаңа мыңжылдықтың алғашқы күнін, Наурыз күнін, Нұх пайғамбардың ізі түскен, исі сіңген қасиетті Қазығұрт тауының басында, бірге қарсы алатын болып келісіпті.

Кездесуге келгендер:

Біріншіден – өзінің тегі бастау алатын атақты бабасының атынан сөйлеп, сол баба ұрпақтарының соңғы мың жылдан бері өз елі мен түркі тектес елдер игілігі үшін тындырған ісімен, еткен жақсылығымен мақтансын депті...

Екіншіден – бұдан мың жыл бұрын айтып кеткен бабаларының өкінішімен көкірегін жара күрсінуге тиіс екен...

Үшіншіден – осы Қазығұрт басында тірі ұрпақтың болашақ ұрпақтарға деген өз арман-тілектерін айтып, соларға үміт артуы қажет екен...

**Құлтегін ұрпағы.** Олар сонымен қоса:



Түркі тамырлас қарындастар! Бір тамырдан нәр алып жатырсыңдар, тамырларыңды үзіп алмаңдар!

Жақынсыңдар, жат болып кетпеңдер!..

Қандассыңдар, Туыссыңдар, қарларыңа тарта жүріңдер!”... деп, түркі қандас елдердің ұранын қайталап айтуы қажет екен.

*Томирис ұрпағы қолындағы саз аспабының құлағын күйге келтіреді де, көне түркі сарынды сазды ойнай жөнеледі. Қалғандары (Қазақбайдан басқалары, ол кісі құралсыз) қолдарындағы саз аспаптарымен, бұрыннан келісіп алғандай-ақ қосыла кетеді.*

**Томирис ұрпағы.** Міне ғажап! Бұл сарынды бәрі білетін боп шықты ғой! Мүмкін сөзін де білетін боларсыздар!

*Өлең бастайды.*

**Томирис ұрпағы.**

Тыңда ұрпақ! Есіңе ал, тегіңді біл!

Қазығұрттың басында кеме қалған...

*Қалғандары да бірден қосыла кетеді. Қазақбай бұларға таңырқап қарап қалған.*

Тыңда ұрпақ! Есіңе ал, тегіңді біл!..

Қазығұрттың басында кеме қалған!

Ол әулие болмаса неге қалған!?

Нұх тауында Наурызда бас қосыңдар,

Бар игілік тек сонда келеді алдан...

Тыңда ұрпақ! Өсиет қалдырдық Біз!..

Мың жыл сайын, жинал деп, ұрпақ Сізге –

**Біздер бүгін анттастық осы жерде...**

...Ортаға сал сол күні ел арманын,

Ант қабылдаң, таратың сосын елге!..

*Өлең айтылып болған кезде кенет найзағай жарқылдайды. Күн күркірі жоғарыдан естілген құдіретті дауысқа ұласады.*

**Дауыс.** (Ап-анық, әр сөзді бөліп айтады) Тағы да бас қосып жатырсыңдар ма! Құдірет күшіне сенімін сақтағандар!.. Тәніне қанағат, жанына иман ұялатқандар! Сіздерсіңдер тіршілік діңгегі!.. Тындырған істеріңе мақтаныңдар!.. Жіберген қателеріңе өкініңдер!.. Мыңжылдық ғұмырларыңды қорытындылаңдар!... Болашақты армандандар!.. Ең қасиетті, ең құдіретті нәрсенің Ой менен Сөз екенін естеріңде

сақтаңдар... Солар алдында адал болсаңдар бүгінгі мына Жерің де Жұмақ болар, ертеңгі мәңгілік мекендерің де Жұмақ болар!..

*Бірте-бірте жан-жақ анықтала бастайды. Адамдар абдырап қалған. Бірақ салмақты. Қорқып кеткендері де, құдіретке табынып қалғандары да қолдарын көкке жайып, бір-біріне қарасып бірі көзімен, бірі сөзімен, бірі қимылымен “не болып қалды?” деген сұраққа жауап іздегендері байқалады. Көпшілігі отыра қалып намаз дұғаларын оқи бастайды. Қазақбай не істерін білмей абдырап, әркімге бір қарап, араларында айналып жүреді.*

**Құлтегін ұрпағы.** Піссіміллә, піссіміллә... Лә илаһа илаллаһ. Бұл бабалар рухы шығар!.. Аян беріп жатыр ғой... Өсиетті орындадыңдар демеді ме... Риза сияқты ғой... Ойларыңды ортаға салыңдар демеді ме!.. Қамқор сияқты ғой!..

**Бұхар жырау ұрпағы.** Құдіреті күшті Алла тағала, сақтай көр өзің... Асылы бұл Алла тағаланың атынан сөйлейтін бір періштесі болар...

**Томирис ұрпағы.** О, Тәңірі!.. Естідіңдер ме?.. Соншалықты анық дыбыс, соншалықты түсінікті сөз болады екен ғой...

**Баязит ұрпағы.** Естіп тұрмыз!.. Сол дыбыс пен сол сөз, шынымды айтсам, менің есімді жинатқандай болды ғой!.. Ау... Түстерің таныс, түрлерің ұқсас – осы, кімсіңдер өздерің?.. Көктен түскен құдіретті Тәңіріңнің сөзі де түсінікті, жерден жиналған пенделер сөзі де түсінікті бұ не деген қасиетті жер еді?.. Тайпалас қарындастардай, туысқан ағайындардай шеттерінен жылы жүзді, жүрекке жақын, жанға жұғымды жандар – бүгін неғып осы араға жинала қалдыңыздар?..

**Едіге ұрпағы.** Бабаларымыз мың жыл бұрын дәл осылай кездесіп, осы таудың басында анттасқан екен дейді ғой... Сіз де тегін келмеген боларсыз?..

**Қазтуған ұрпағы.** *(Өзіне өзі).* Уа, Құдіреті күшті Алла тағала!.. Қасиетті бабалар!.. Мен ес білгеннен өзі өлгенге дейін менің құлағыма құйып кеткен әкем аңызының өз арнасын ақыры шындыққа әкеліп қосқан жері осы болғаны ма?.. Айта-айта аңызға айналып кеткен сол бір бабалар әңгімесінің тамыры ақиқаттан нәр алып жатқаны ма?.. Япырым-ай, шыныменен өмір жалғасы болып шыққаны ма?.. Менің 25 жыл күткен бұл кездесуімнің арғы жағында аруақты аталар рухы тұрғаны расқа айналып бара жатыр ғой...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Рас болғар! Қыран ұшып жете алмас Қазығұрт басына осыншама адам қалайша таң алдында, Ұлыстың Ұлы күні кенеттен кездесе қалмақ?.. Рас болар...

**Қазақбай.** Болар, болар... Заман да түзеліп келеді, адам да түзеліп келеді. Аңыздың бәрі – ақиқат екен. Ертегінің бәрі – естелік екен... Жеті қат көктен бабалар рухының аян бергені – Алла тағаланың сіздерге деген, елге деген ниетінің түзулігінен бе деп қалдым ғой... Табыстыңыздар, танысыңыздар демеді ме... Танысалық. Біліселік... Түсініселік... Ал, айтыңдаршы, кімсіңдер?.. Қайдан жүрсіңдер?.. Жөн сұрасалықшы...

**Едіге ұрпағы.** Мен де осы тауға бір-ақ тілекпен келдім. Ол да мына қарындасымыз айтқанындай, өмірден мың жыл бұрын өтіп кеткендердің өсиетін орындау шаруасы...

**Томирис ұрпағы.** Ата-бабасын ұмытпау, олармен жалғастырып жатқан тамырын үзбеу өз тарихыңа еткен тағзымың дейтін әкем!.. Жаратылысты сыйлау, оның өзіңді өмірге әкелген құдіретін мойындау – Алла тағала етер құрметің!.. Ал осындай қасиетті сезімдерді басшылыққа алу ол тек тектілер тынысы дейтін менің сүйікті әкетайым!..

*Тағы да жан-жақ күңгірт тарта бастайды. Жарық өше жаздаған шақта жоғарыдан құдіретті, бірақ қорқынышты емес, еріксіз елең еткізер дыбыс жақындап келе жатады. Жиналғандар алаңдасып қалады.*

**Дауыс.** (Жоғарыдан әйел даусы) Дұрыс айтасың, қызым! Ата-баба антына адалдық – тектілікке бастайды!.. Бүгінгі кездесуге менен тараған өз ұрпақтарым үшінші рет жиналған екен. Олардан бұрынғылар да үш рет кездесіпті дейтін... Сіздер ғасырлар салмағы майыстыра алмайтын, уақыт әсері бояуын өшіре алмайтындай, ұрпақтарыңды ұлылыққа бастай алатындай ант қабылдаңдар!.. Сол ант - Еліңді ел етер!.. Төліңді төл етер!.. Жеріңді көгертер!..

*Бәрінің тағы да абыржып, шошып қалғаны байқалады.*

**Дауыстар.**

- Піссіміллә, піссіміллә!...
- Лә илаһа илаллаһ!
- Бұл кім болды екен?...
- Әйел даусы ғой...
- Әй, Алла, өзің сақтай гөр!

**Томирис ұрпағы.** Рахмет, қасиетті бабам менің! Бұл менің Томирис патша-айым бабам!.. Алланың бұйрығы болар, бізге аян беріп жатыр!

**Құлтегін ұрпағы.** Япырым-ай, сол Жарықтық па екен?..

**Едіге ұрпағы.** Оған не күдік бар. Меніңше осы қасиетті Қазығұрт басына дәл осы сәтте ешкім де тегіннен-тегін келе қалмаған болар. Бұлардың бәрі де бабалар рухымен рухтанған, аталар арманымен үміттенген жандар шығар. Тек сондай жандар ғана елінің бүгінгі тағдырына, болашақ арманына жүрек сезімімен қарай алар...

**Томирис ұрпағы.** Дұрыс айтасыз.

**Баязит ұрпағы.** Ғажап-ай... Мені бір күш осылай жетектегелі өзімнің денімнің саулығына да күдіктене бастаған болатынмын. Әкем бұ дүниеден өтерінде өзінің 2001 жылға жете алмайтынына қатты өкініп, маған құран ұстатып, ант бергізіп еді...

**Қазтуған ұрпағы.** *(Қасындағы кісіге)* Менің бір нәрсеге көзім анық жетіп тұр. Асылы мен де, сіз де, осы жиналғандардың барлығы да атадан балаға мирас болып келе жатқан үш ауыз өсиет-сөз үшін келген болар?..

**Едіге ұрпағы.** Иә, дәл солай. Тауып айттыңыз.

**Бұхар жырау ұрпағы.** Демек, бүгін осы жиналған кісілердің бәрі де бұдан сан мың жылдар бұрын болашаққа үмітпен қараған бабаларының артына қалдырған үш ауыз сөзіне бола:

- өз замандарындағы ел үшін тындырған ісіне деген мақтанышы;
- өмірден өтердегі өкініші;
- арттағы ұрпаққа қалдырар арман-өсиетін басқаларға естірткелі, елге таратқалы келгені...

**Баязит ұрпағы.** Түркі тектес, біздің бабаларымыз, бастарында бірлік болған күні талай-талай ұлы мемлекеттер құрған. Бірақ бастағы бірліктен айрылған бойда олар ұлы болудан да қалған. Енді мына біздердің ата-баба өсиетіне жиналған бүгінгі күнімізді, дәл осы сәтті тұтас түркі нәсілінің қайтадан ұлылық пен бірлікке қадам басуы деп түсіну қажет болар!

**Едіге ұрпағы.** Қажет! Қажет-ақ!

**Баязит ұрпағы.** Бірақ бұны ұйымдастырып отырған, өкінішке орай, бүгінгі жиналып жатырған біздер емес, осыдан мың жыл бұрын дәл осы жерге, осылай жиналғандар!

**Қазақбай.** Міне керемет! Баласы емес, немересі емес... Мың жылдан соң өмірге келер ұрпақ қамын ойлап, өсиет қалдырған!.. Адам бол деп жатыр!.. Бауыр бол деп жатыр!..

**Томирис ұрпағы.** Солай деп жатыр, қасиетті бабалар рухы. Енді ел басы бүтінделер. Мәңгүрттіктен айрылар. Адам жанын рухани байлыққа жеткізуге бет бұрар.

**Қазақбай.** Шырағым-ай, Бұ заман адамдарының құлқы соған көне алса жарар еді. Есірткімен есірген есуастар... “Алқаш” атанатын арақкештер... Алласын ұмытқан дінсіздер, өз ұлтын жатырқаған мәңгүрттер... Мына Сіздердің бабаларыңның бұдан үш мың, тіпті алты мың жыл бұрын сөйлеген сөздері бүгін түсінікті болып жатқанда, бүгінгі ана тілің үшін ұялатын халге жеттік... Арам ойлар мен өгей ұрпақтар... Шұбарланған тілдер мен ойсыз көкіректер...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Өткен заман адамдары ел қамын көбірек қамдаған секілді.

**Томирис ұрпағы.** Ағатай-ай, Сіз біздің замандастарымызды тым сүмірейтіп жібердіңіз ғой... Жақсылыққа ұмтылып жатқандары да баршылық емес пе! Сіз айтқан есеріктер мен алқаштардан, мәңгүрттер мен “жаңа қазақтардан” дұрыс қазақтар әлде қайда көбірек... Шіріген жұмыртқа әр қоғамда да болып тұратын құбылыс дейді ғой!

**Бұхар жырау ұрпағы.** Соған кісіліктері жетіпті ғой! Шіркін мына кара жер құшағында қаншама әулие жандар жатыр десеңізші!

**Қазақбай.** Ал бұ күндері болашақ тағдырына бола таласқа түсер кім бар?.. Ал баяғылар болса бір ұрпақ ғұмыры емес, алдындағы мың жылдыққа сенген...

**Томирис ұрпағы.** Біз бар! Біз таласамыз! Сол таласты бастаймыз! Бүгін, міне кәзір бастаймыз ағасы! Тек жүрген жеріңізде, отырған орныңызда, жатқан төсегіңізде бүгінгі көргеніңізді айтып жүруге уәде етіңіз!

**Қазақбай.** Лайым солай болғай. Айтып жүремін, айналайын! Айтып жүремін. Көзі ашық, көкірегі ояу бар қазақтың арманы осы емес пе!

**Томирис ұрпағы.** Сіз біздердің осында неге жиналғанымызды білгіңіз келіп еді ғой. Мен айтып берейін. Осы тұрған бәрімізді осы жерге жеткізген бабалар анты.

**Қазақбай.** Айтыңызшы, ол қандай ант?

**Дауыстар.**

- Айтыңыз.
- Шыныменен сәйкес шығар ма екен?..
- Ғажап-ай! Ақылға сыймастай көруші ек!

**Томирис ұрпағы.** Баяғы заманда бабаларымыз осы тау басында әр мың жыл сайын кездеседі екен. Кездесіп, тындырған істерін айтып мақтанатын болыпты. Қателіктеріне өкінішін де жасырмапты. Болашаққа деген арман-тілегін де өсиет етіп қалдырады екен. Мың жылдан кейін өмірге келген әр ұрпақ өкілдері: біріншіден: “Біздің бабамыз сондай іс тындырыпты!” – деп мақтануға тиіс екен. Екіншіден...

**Құлтегін ұрпағы.** Қарындасым, сәл кідіріңізші, екіншісін мен айтайын.

**Томирис ұрпағы.** Жарайды, ағасы... Сіз айтыңыз...

**Құлтегін ұрпағы.** Екіншісі – “өкініш” деп аталады екен... Бүгін осында келген әр адам бір кезде өз атасының жүрегіне қан қатырған өкінішін, әттеген-ай деуге жеткізген орындалмаған арманын баршаға жария етуі үшін келеді... үшіншісі...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Сабыр етіңіз! Ортақ сөз бен ортақ ойдың әр ауыздан шыққаны дұрысырақ болар. Үшіншісін мен айтайын.

Үшіншісі – “арман” деп аталады екен. Осы тұрған әр адам өз бабасының “әттең-ай, әттең” деп бармақ тістеп өткен тұстарын ел құлағына жекізуі тиіс екен. Ал мына біздерге тек қана бүгінгі ұрпақ емес, болашақ мың жылдық ұрпақ ұран ете алатындай арман-жалауын көтеріп беру міндеті жүктелмек. Егер біз сол арман-мақсат мағынасын дәл халық көкірегіндегі “әттеген-ай” дегізген опыныш, бармақ тістеткен өкініш мағынасымен бейнелей алсақ, онда келесі мың жылда кездесетіндер де біздің бүгінгі сөзімізді дәл осы жерде, дәл қазіргі біздердей аңызға айналдырып тұратын болады...

**Дауыстар.**

- Рас. Мақтаныш, Өкініш, Арман!

- Солай.
- Осыдан артық ата өз ұрпағын қалай қамқорлай алады...

**Қазақбай.** Мыңдаған жылдар сұрапылы сүрте алмаған, тарих пен уақыт дауылдарына да шыдап өшпей келген бұл не деген құдірет дарыған сөз еді, не деген қасиет қонған ант еді!..

**Едіге ұрпағы.** Олай болса, барлығының да өз аталарының өсиет-антын айтып шыққаны дұрыс шығар...

**Дауыстар.**

- Әрине...
- Қалай бастағанымыз дұрыс?..
- Кімнен бастаймыз?..

**Бұқар жырау ұрпағы.** Ғажап!.. Жаңағы екі ауыз өлеңнің бір жолын өзгертпей бізге жеткізген “Сөз” бен “Тіл” атты құдірет күші де, елдің ата-баба рухына деген ниетінің шынайылығы да ғажап емес пе?! Ал мына аспаптардың бірдей үнмен, бірдей сазбен сайрай жөнелгені – міне нағыз табынарлық нәрсе сол болды!.. Жап-жаңа көктен түскен құдірет – Ең қасиетті нәрсе Ой мен Сөз – дегенінің дәлелі де осы секілді... Қаншама асылдар азып кетті, торқалар тозып бітті. Сөз сол күйінде сақталыпты. Үш мың жыл бойы...

**Баязит ұрпағы.** Мүмкін, бұл ант одан да бұрынырақ қабылданған болар?..

**Едіге ұрпағы.** Жаңа аян берген Томирис бабаң бізден бұрын да үш рет жиналған демеді ме... Демек бұл анттың жасы алты мың жаста!.. Бізден кейінгі кездесетіндер жетінші рет кездеспек.

**Бұхар жырау.** Мына жас қыз жаңағы көктен жеткен құдіретті дауысты менің Томирис бабам деп қалды ғой. Өзі ішіміздегі ең жасымыз болғанымен, табынар аруағы Томирис рухы болса, онда ол біздің ең ежелгі баба тарихымыздың тілімен сөйлейтін нағыз қартымыз болып тұр. Біздің сырласуымызды осы баланың бізден 3000 жыл бұрын өмір сүрген бабаларының сол кездегі Ойы, сол кездегі Сөзі арқылы бастағанымыз дұрыс болар.

**Томирис ұрпағы.** Баста десеңдер бастайын. Мен біздің дәуірімізге дейінгі осы ен далада патшалық құрған Томрис патшайымның бұ заманға жеткен жапырағы екенмін. Әкем ұлсыз өтті бұ дүниеден, маған тапсырып еді.

**Баязит ұрпағы.** Шырағым, мұңайма, қазақтың әр ұлы сенің дәрежеңе көтеріле алса, еліміз ешкімнен кем болмас, иншалла. **Қандай қуаныш, Томирис ұрпағы** үзілмеген екен ғой!..

**Қазақбай.** Бірақ бәрі заманға, заман қалыптастырар санаға байланысты болар. Заман сананы билеп кетсе бәрі де қыршынынан қиылады екен, тамырынан үзіледі екен. Біздер соған ұшырағандар өкіліненбіз. Бұл баланың ата-бабалары саналарын заманға билетпеген жандар болғаны ғой, асылы.

**Құлтегін ұрпағы.** Ал менің бабам одан жастау. Біздің әкелеріміз әйгілі Түрік қағанатына патшалық еткен Құлтегін қағанның тұқымымыз деп мақтанатын.

**Едіге ұрпағы.** Құлтегін жарықтықтың да ұрпақтары бұ заманға жеткен екен-ау, ғажап-ай! Кеше ғана елімізге Құлтегіннің Мәңгітасы жетіп еді, енді ұрпағы да келіп қапты ғой.

**Құлтегін ұрпағы.** Болашақ ұрпақтар үшін біздің бабалар **мәңгітас** қашап қалдырған. Ол тасқа: “Тәңірім жоғарыда Көкті жаратқанда, төменде Жерді жаратқанда, ортасында асыл текті Түркі нәсілін жаратқанда біз, Түркілер, бұ дүниенің төрт бұрышын билегенбіз!.. Дос болғанға дос бола білгенбіз!.. Қас болғанға қас бола білгенбіз. Қас жауымыздың басын идіргенбіз!.. Тізесін бүктіргенбіз!” – деп, мақтаныпты.

**Дауыс.** Па, шіркін! Айта алмай ма!

**Құлтегін ұрпағы.** Түркі елі үшін соншама іс тындыра жүріп, өздерін кінәлі де санаған қылықтары болса керек. Өмірлерін өкінспен аяқталғанын да жасырмапты. Болашақ ел билеушілер өзіне өсиет тұтсын, біздің қатеміз оларға сабақ болсын депті.

**Мәңгітасқа қашатқан өкініштері де, армандары да бір жол жазуға сыйыпты, ол сөз:**

“Әттең, дүние-ай, қайтейін, баста бірлік болмады-ай!” – деген сөз екен...

**Едіге ұрпағы.** “Әттең дүние-ай қайтейін, баста бірлік болмады-ай!” деген сөз біздің Едіге бабамыздан қалған өкініш деп жүрсек, ол сөз Едіге өмірге келместен 1000 жыл бұрын айтылған екен ғой... Сонда қалай жердің дөңгелектігі секілді, тағдыр да қайталана беретіні ме?.. Айналып қайта соғатыны ма?

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Солай болып тұр ғой. Мен Ақсақ Темір ұрпағымын. О кісі де өмірден сондай өкінішпен өтіп, артына сондай сөз қалдырыпты.



**Баязит ұрпағы.** Не дейді? Ақсақ Темір ұрпағымын дей ме? Ол қанішер артына еш жақсылық қалдыра қоймас! “Бауырлар, бір-бірлеріңнің қандарыңды ішіңдер” деп, ұран тастап кеткен болар.

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Әй, есуас! Жап аузыңды! Не деп тантип тұрсың? Қанішерің не? Ақсақ Темірге тіл тигізер сен кім едің?

Баязит ұрпағы. **Мен бе! Менің атам артына жауыздық атын емес, ардақты атын қалдырып кеткен кісі! Менің 21-ші атам – аты әлемге әйгілі, бүкіл Түркі елін билеген Баязит сұлтан! Ол кісі сенің бабаңа ұқсап діндес мұсылмандар елін шауып, қандас түркілер жұртын талқандамаған.**

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Менің бабамның атағы сенің бабаңнан кем емес. Ол кісі де ел ішіндегі алауыздыққа өкінген. Түркі елдерінің бірлігін армандаған.

**Баязит ұрпағы.** Тантымасын сенің Ақсағың! Ел бірлігін аңсаған кісі өз қандастары түркілерді діні басқа христандармен соғысып жатқанда, сыртынан келіп опасыздықпен шаба ма екен?

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Тарт тіліңді! Ұлы Әмірдің аруағына тіл тигізгізіп қоя алмаймын мен, көзім тірі тұрғанда. Бұ сөзіңді қоймасаң бір аяқ емес, екі аяғыңнан шойнақ етермін!

Баязит ұрпағы. **Міне, міне! Ақсақ Темір ұрпағы бірлік туралы өсиет айтуға емес, күш көрсетуге дайын екенін білдіргелі келген екен ғой.**

Томирис ұрпағы. **Ағатайлар-ай! Мынадай ғажап күні бір-бірлеріңе ауыр сөз айтуға қалай ғана жүректерің дауалап тұр!**

Қазтуған ұрпағы. **Қызым! Ақсақ Темір 1402 жылы қалың қолмен түркі елін шапқан. Сол соғыста Түрік сұлтаны Баязит өлген. Ал Баязит тек қана түркі елінің емес, бар мұсылман ардақтысы еді. Ол кәпірлердің қрес жорығын талқандап, Еуропа басқыншыларын тоқтатқан қолбасшы еді.**

Бұхар жырау ұрпағы. **Иә, Баязиттің сол жеңісінен кейін кіріске шоқынушылар кіріс жорығын ұйымдастыруды біржолата тоқтатқан болатын.**

**Баязит ұрпағы.** Ол ұлы қолбасшы еді. Өз бауыры Ақсақ Темір шабады деп ойламай қапы қалды емес пе.

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Енді мақұл бола қалуын, мынаның! Сенің бабаң “жұдырықтай жерге екі жұлдыз жараспайды” деген сөзді қалай айтқан? Айтшы, сол сөздің артында не жатыр? Жұлдыздың бірі менмін, екіншісін сөндіремін деген ой жатырған жоқ па? Менің

жұлдызымды Баязит қашан сөндіреді деп сонда Ақсақ Темір күтіп отыруы қажет пе екен?

**Қазтуған ұрпағы.** Ақталмайтын кісіні ақтап неге босқа әуреленесің! Алтын Ордаға үш рет жорық жасап, ақыры құлатып тынған да сенің бабаларың болатын. Ақсақ Темір қандай өсиет қалдырса да, бірлікке шақырар өсиет қалдыруға қақысы жоқ адам.

**Баязит ұрпағы.** Соны түсініп тұр ма мына қыңыр!

**Ақсақ Темір ұрпағы.** Кезінде қандай жағдай болғанын бір Алланың өзі біледі. Сіздер кәзір өз аталарыңды сүттен ақ, судан таза етіп, бар пәлені Ақсақ Темір басына үйіп төгіп жатырсындар. Бізге жетпеген тарих шындығының қандай екенін кім білген...

**Баязит ұрпағы.** Сен не десең де тарих сенің Ақсақ Темір бабаңды ақтай алмайды. Дүние жүзіне ерекше шапағатын шаша таралып келе жатқан мұсылманшылықтың жолын кескен де сол кісі.

**Қазтуған ұрпағы.** Бұл тірлікке Ақсақ Темір келмегенде кәзір түркілердің де, мұсылмандардың да әлемдегі орны бұдан да гөрі жоғарырақ болары сөзсіз еді.

**Қазақбай.** Ау шырақтарым! Сәл сабыр етіңдер! Ақсақ Темір неге ұрпағына бірлікте болыңдар деп, өсиет қалдырмасқа. Мүмкін ол өз қатесін түсінген болар. Райынан қайтқан болар? Ал, інім Сіз қайдан келдіңіз?

**Едіге ұрпағы.** Алтын Орда заманындағы Ер Едіге, “ел қамын жеген Едіге” аталған кісі біздің бабамыз.

**Қазақбай.** Ұлытаудың басында жерленген Едіге ме?

**Едіге ұрпағы.** Солай деген аңыз да бар. Бірақ Ұлытауға аманат қойылып, кейін Құмкенттегі Баба түкті Шашты Өзіз бабасының қасына апарылды дейді ғой.

**Қазтуған ұрпағы.** Мен түсіне алмай тұрмын. Ақсақ Темір мен Едіге бірігіп Алтын Орданы үш рет шауып еді. Ақыры құлатып, талам-таражға түсіріп еді. Енді бұлар ол Едіге жауызды да “Ел қамын жеген Едіге қылып алыпты ғой”. Ау, Сіздер тарих оқыған сауатты жандарсындар ғой. Осында келуге беттерің қалай шыдады?

**Қазақбай.** Шырағым, өзің бұл жерге қалай келдің?

**Қазтуған ұрпағы.** Мен Алтын Орда, Ноғай Орда, Қазақ хандарына астана болған, Қасым ханнан бастап қазақтың тоғыз ханы жерленген Сарайшықтан келдім. Жермен жексен болған Сарайшықтан келдім. Ал менің балаларым өзінен бастап Қазтуған бабасына дейінгі аталарын мүдірмей атап бере алады. Құдайға шүкір, тамырымыз үзілмей, тілегіміз бүлінбей, жалғасып келе жатқан ұрпақтардың біріміз. Тегімізді ұмытпағанымызды, бабамыздың атақты екенін мақтаныш етеміз.

### **Бұхар жырау ұрпағы:**

**Бұхар жырау ұрпағы.** Менің бабамды бәрің де білесіңдер деп ойлаймын. Біз Бұхар жырау бабаның кіндігіненбіз.

**Қазақбай.** Іні-қарындастарым! Сіздердей тектілер ортасында ата-тек туралы әңгіме ету мені қинайтын реті бар. Сіздер маған күлмеңіздер. Мен тек қана әкемнің атын білемін. Пионер болдық. Комсомолға кірдік. Партияға өттік. Соларға сендік.

**Қазтуған ұрпағы.** Солай, солай. Болған ондай заман. Келмеске кеткен.

**Қазақбай.** Солай болғай. Сіздердің кәзіргі айтып тұрғандарың ол уақытта айтылмады. Айтуға тырысқандар айдалып кетті, айтқандары атылды... Мүмкін менің де аталарымның мақтанарлық тегі бар болған болар. Бірақ тамыры қиылып кеткен. Атамыз халық жауы атаныпты. Тұқым-теберегін жер аударып жіберіпті. Әкеміз жетім болған. Балалар үйінде өскен. Шет жерде жүрген.

**Қазтуған ұрпағы.** Солай, солай.

**Қазақбай.** Біз кеңес өкіметі кезінде тексіздігімізге, кедейлігімізге мақтанатын едік. Енді мына заманда “халық жауының ұрпағымыз” деп мақтанатынды шығардық.

**Едіге ұрпағы.** Рас. Рас

**Қазақбай.** Мен өзімді мәңгүрттер қатарына қоспайтын едім. Тарихымызды танып жатырмын. Бірақ бүгін ойым онға бөлініп тұр... Қандай өкініш...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Ақсақал, жеке бастың өкініші түзетілер-ау, тұтас ел өкінішін қайтерсің?.. Қазақ халқының басына түскен барлық ауыртпалыққа себеп болып жатқан өкініш қандай десеңізші – “бірлік” деген бір ауыз сөзбен шешіле салатын сәл нәрсе!.. Сол қасиетті сөз байыбына бармай, әркім көрпе пұшпағын өзіне қарай тартамын деп

жүріп, ақыры тұтас елді “ақтабан шұбырындыға ұшырату” деген не масқара!..

**Едіге ұрпағы.** Талай ұрпақтың арманына жете алмай кеткенін, орынсыз өшкенін ендігі ұрпақ есепке ала алар ма екен?..

**Қазтуған ұрпағы.** Ай білмеймін, тексіздер көбейіп кетті ғой. Тәп-тәуір өркендеп келе жатқан мемлекетіміздің отырғанын опақ, тұрғанын сопақ деушілер көбейіп бара жатқан секілді.

**Қазақбай.** Ал енді шынымды айтсам сіздердің орталарыңда ең жасы үлкені өзім болғаныммен, соңғы ғасырларда мәңгүрттенген қазақтар тегінен екенімді де жасыра алмаймын... Сіздерден ұялып тұрмын. Кешіріңдер.

*Еңсесі түсіп сахнадан шығып кетеді. Артынан Ақсақ Темір ұрпағы да кетеді.*

Шымылдық.

### **3 бөлім. Өсиет**

Бұл бөлімде бабалардың “әттең дүние-ай қайтейін, баста бірлік болмады-ай!” деген өсиет-өкініші туралы айтылады.

*Шымылдық ашылады.*

**Қазақбай.** “Мыңның жүзін танығанша бірдің атын біл” дейтін мақал бар секілді еді...

**Құлтегін ұрпағы.** Танысуды қарындастан бастаймыз деп келіскен секілді едік қой?..

**Томирис ұрпағы.** Бастасам, бастайын... Мен Наурыз күні өмірге келіппін. Әкемнің ұл баласы болмады. Бұдан дәл жеті жыл бұрын, Менің жасым 17-ге толған күні, демек дәл осы күні, әкем мені ерте оятып алып, шығып келе жатқан күнге қарап тұрып:

- Сен ант дегеннің не екенін білесің бе? – деп, сұрағаны.
- Білемін, – деп жауап қаттым.
- Ант аттағанның қарғысқа ұшырайтынын білесің бе?
- Естігенмін.

Әкем мені баурына тартып, маңдайымнан искеді де: “Маған Алла тағала ұл бермегенімен, ұлдан артық етіп сені берді. Маған берілген мезгіл жақындап қалған секілді. Мен сенен қазір ант аламын”, – деді. Содан соң, мені шығып келе жатқан күнге тағзым еткізіп алып, екі тапсырма берді...

...Бірінші – менің осы тапсырмамды орындағанша, тұрмыс құрмайсың.

**Қазақбай.** Онысы несі?

**Томирис ұрпағы.** Екінші...

...2001 жылы 22 наурыз күні Күн шықпай тұрып Қазығұрт тауының басына көтерілесің. Сенен де басқа Ұлы Аталар ұрпақтары жиналуға тиіс. Солар алдында бұдан 1000 жыл бұрын сол жерде ант берген бір бабамыздың өсиетін орындап шығасың. Ол өсиет – есте қалмаған ескі заманда айтылса керек. Мағынасы – әр мың жыл сайын өсиет сөзі мұра болып жеткен ел азаматы осы күні, осы уақытта, осы жерде кездесіп, өздерінің бір-біріне бауыр екенін, қандас екенін, қарындас екенін хабарлайды. Өз бабаларының бірінен қалған кейінгі ұрпағына өсиет етер үш өмір қорытындысын жеткізеді. Біздің тегіміздің сақтап келе жатқаны Томирис баба өсиеті.

**Құлтегін ұрпағы.** Жарықтықтың рухы жап-жаңа елес беріп кетті ғой.

**Томирис ұрпағы.** Үш рет ұрпағым осы кездесуге келді дейді. Сонда Томирис ұрпақтары осындай кездесуге 1-ші жыл бірінші рет, 1001-ші жыл екінші рет және бүгінгі 2001-ші жылғы үшінші рет қатысып тұр... Пенде ақылына сыймас нәрселер ғой... Содан бері қаншама ұрпақ өмірге келіп, өмірден өтіп жатыр... Содан бері жоғалмаған. Содан бері ескірмеген. Содан бері арқауы үзілмеген... Оларды қалай мақтан тұтпассың? Қалай рухына бас имессің?

**Баязит ұрпағы.** Алла тағалаға сүйкімді істерге оның періштелері де қамқор болып, оны ата-баба аруақтары да желеп-жебеп жүреді ғой. Әйтпесе үш мың жыл бұрын берілген серт сөзінің осы күнге дейін мәнін жоғалтпауын қалай түсіндірерсің?

**Едіге ұрпағы.** Ал, қарындасым, Ұлы Томирис патша ұрпағына мақтан тұтарлық не сөз қалдырыпты?..

**Томирис ұрпағы.** Қазір мен жырлап берер бұл сөз әуелде атақты да, текті бір қауым елдің мақтанышы болған ұзын-сонар жыр-дастан екен. Уақыт тезінен өте, ауыздан-ауызға ауыса, кісілер сезімі мен жадының әсеріне ұшырай, бірте-бірте “ақ өлеңге” айналып кеткен, әңгімеге айналып кеткен жерлері көбейген деседі...

**Қазтуған ұрпағы.** Ал айтып көріңзші.

**Томирис ұрпағы.** Сонымен бұл ескі сөз осындай кездесулерде үшінші рет жырланғалы жатыр.

*Томирис ұрпағы домбырасын ескі түркі саздарының біріне келтіріп алып, жырлап кетеді. Сөздері жырдан гәрі тақпақ түрінде айтылады. Әр сөзі бөлек-бөлек, анық естіледі. Тақпақ түрінде айтылады.*

### **Томирис ұрпағы.**

...Ей, Болашақ, Болашақ!  
Болашақ, бізді, “тыңдаңыз”...  
Біз кім едік, кім едік?  
Таныстырып өтелік!  
Тәңірім текті жаратқан  
Түркі тұқым ел едік!  
Алтын тонның зері едік!  
Ақ Орданың төрі едік!  
Өнер құған сері едік!  
Батыр текті – шер едік!  
Алыс-алыс заманнан  
Аз ғана дерек берелік.  
Ұран болар ұрпаққа  
Ақыл айтып көрелік...  
Жеріне жауды төндірмей,  
Ошақтың отын сөндірмей,  
Жетім боп ешкім телмірмей –  
Өмір сүрген ел едік.

Баста бірлік болғанды!  
Батыс, шығыс арасын

Бірі Сақ деп, бірі Ғұн,  
Бірі Дах деп, бірі Күн –  
Түркілер елі қонғанды.

Несібе, ырыс кетпеген,  
Тәңірден – асыл тек деген!  
Азғындық пейіл жетпеген,  
Көктемдей елі көктеген,  
Рухы баба қолдаған,  
Арманы ешбір солмаған –  
Басына бірлік орнаған,  
Көк түркі деген ел едік!  
Ақ алмастың жүзі едік,  
Көк найзаның ұшы едік.  
Асқардан алған қуатын  
Тау селінің күші едік.  
Шуақ шашқан әлемге  
Алтын күннің түсі едік.

Ей, Болашақ, Болашақ!

Өсиет болсын Сіздерге –  
Ант болып бұл сөз жатталсын!  
Құрмет көрсін асылдар,  
Жүйріктер нағыз бапталсын!  
Дананың маржан ойлары  
Үлгі боп елге хатталсын!

Байлығың, Бақыт, Ырысың –  
Бастағы Бірлік сақталсын!

*Томирис ұрпағы сәл тоқтап, басқаларға қарайды. Олар келісіп қойғандай бірауыздан “бастағы Бірлік сақталсын” деп қайталайды.*

### **Дауыстар.**

- Бастағы **Бірлік** сақталсын!
- Бастағы **Бірлік** сақталсын!
- Бастағы **Бірлік** сақталсын!

*Бұлар “бастағы бірлік сақталсын!” деп қайталағанда ант беріп жатқандарға ұқсап кетеді. Бір-бірімен кезек-кезек құшақтасады. Сол қылықтары берілген анттарын бекіткендей болады.*

*Томирис ұрпағы өлеңін жалғастырады.*

Ей, Болашақ, Болашақ!  
Баста **Бірлік** болмаса –  
Бір көрпені жамылған  
Інің кетер бауырдан.  
Бір қазаннан ас ішкен  
Ағайын кетер ауылдан.  
Жұт соққандай жұтарсың,  
Елің де кетер қауымнан.  
Көктемессің көгеріп,  
Тарам-тарам тамырың  
Ала алмас нәрін жауыннан.

Баста **Бірлік** болмаса –  
Бар әлемді басқарған  
Ақыл таппас данаң да.  
Өзі жаулап өз елін  
Тап болар зұлмат заманға.  
Әлпештеген ардақтап  
Ұл айналар ұлтанға.  
Алтын таққа лайық  
Құлға айналар сұлтан да.  
Тәңірің талғап жаратқан,  
Аузына әлем қаратқан –  
Тапталар елің табанға.

Баста бірлік болмаса –  
Қанша дана болсаң да  
Бағаланбас сөзің бар.  
Қанша текті болсаң да  
Көктей солар өзің бар.  
Жалбарынған жасқаншақ  
Жаутаңдаған көзің бар.  
Араздассаң ағамен  
Ақыл айтар сауың жоқ.  
Іс түскенде басыңа  
Пана болар қауым жоқ.

Баста **Бірлік** болмаса –  
Байлығыңнан пайда жоқ  
Ұлың жүрер ұрлықта.  
Ар сотына түсерсің  
Қызың жүрер қорлықта.  
Мұрнын тескен бұландай,  
Жүк артылған құландай,



Халқың да көнер зорлыққа.

Баста **Бірлік** болмаса –  
Ойран болар **Ой** деген,  
**Сөз** қадірі жоғалар  
Береке кетер ғасырдан.  
Арсыздықпен мал жиып  
Азғындар озар асылдан.  
Жауына қулар бас иіп  
Арманы елдің сатылған.

Баста **Бірлік** болмаса –  
Соның бірін көре алмай,  
Көлгірленер көзің де.  
Сұлулардан түс кетіп,  
Талаптыдан іс кетіп,  
Жағымпаз жағар өзіңе.  
Ақиқаттан аулақтап,  
Жақыныңнан жау таппақ,  
Сенерсің дұшпан сөзіне.

*Өлең тоқтайды.*

**Қазақбай.** Шіркін-ай! Қандай өсиет!

Шырағым мына сөзіңді мың жыл бұрын айтылды деуге сену қиын болып тұр. Бұ сөз осы заманның, дәл бүгінгі ел жақсыларының аузындағы сөз екен.

**Едіге ұрпағы.** Сөз ескірмейтін болар. Оны асылдардың асылы дейді ғой. Содан бері талай алтын-күміс күл-қоқыс арасында іріп-шіріп қалса да, мына сөз жазылмай, хатталмай аспан мен жер арасында, рухтар мен пенделер санасында, азбай-тозбай, болашағына, мына біздерге жетіпті.

**Томирис ұрпағы.** Тағы жалғасы бар.

Бастан **Бірлік** кетпесін!..  
Бастан **Бірлік** кеткен күн  
Кім боларсың сонда сен? –  
Тәңірдің сүйген түркісі.  
Біздердің мынау заманда  
Болмаған ондай бір кісі.

Тәңірдің сүйген құлдары  
Түркілер асыл нәсілің.  
Бастан **Бірлік** кеткен күн

Көрсетер зорлық ғасырың.  
Бабалардың анттасқан  
Мақтана сырын ашалық.  
Ойдан шыққан сөз емес  
Қалған сөз тасқа қашалып.  
Жауының басын идірген,  
Тізесін дұшпан бүктірген –  
Бірліктен қару жасалып.

Жұлыны кетсе төзгенім,  
Жумаған жаспен көздерін,  
Қыңсыламас күшіктей,  
Бөрі мінез ерлерім.

Тәңірі, Пірі қолдаған,  
Өкініш, өксу болмаған.  
Сайрандатқан ұл-қызын  
Жатырған мынау сол далам.

Наркескенін асынған,  
Дұшпаннан айбат асырған –  
Бөрі байрақ ерлерден  
Дұшпанның пысы басылған.

Болашақ – Сіздер, ұрпақтар,  
Даланың ұлы – ғұн, сақтар!  
Бабалардың батасын  
Текті туған ұл сақтар...

Киімдері асылдан,  
Көптігіне тасынған,  
Қабырғалы қара жұрт  
Бабаңа сенің бас ұрған.

Асыл ердің қаруын  
Күміс пенен күптедік,  
Асыл ердің аруын  
Алтын менен аптадық.

Ата салтын ажарлап  
Қыз арындай сақтадық.  
Ер намысын ежелден  
Ақ алмасқа саптадық.

Ару жүзді аппағын,

Бал таңдайлы тақ-тағын,  
Бетке шығар қаймағын –  
Ел көркі деп сақтадық.

Баста **Бірлік** бар шақта...

Баста **Бірлік** бар шақта –  
Артық-кемнің арасын  
Өлшестіріп жатпадық.  
Тентек туған бір ұлдың  
Еркелігін ақтадық.  
Ерегескен екеудің  
Адал ісін жақтадық.  
Арқасында әділдік  
Бастан бақыт кетпеді.  
Адамның болмай аласы,  
Баланың болмай шаласы,  
Баста **Бірлік** бар болса,  
Жоғары болар пенденің  
Кісілік атты санасы!..

Баста **Бірлік** бар болса –  
Адамның болмай аласы,  
Баланың болмай шаласы,  
Жоғары блар пенденің  
Кісілік атты санасы!..

*Өлең тынады. Жалғасы бар ма дегендей, бір-біріне жалтақтасып қалады.  
Сәл үнсіздік.*

**Қазақбай.** Сенейін бе, сенбейін бе? Мыңдаған жылдар бойы ауыздан-ауызға өткенде, санадан санаға ауысқанда, қалай тілі мен түрін, ұлттығы мен үлгісін сақтап келген. Бұл сонда ненің күші?..

**Томирис ұрпағы.** Ақсақал! Менің әкем марқұм бұл жырды бұдан да ұзағырақ айтушы еді. Осыдан бұрынғы анттасқан шақтарда жиналған жұрт осы тау басына сыймайды екен. Тау етегіндегілерге естірту үшін, айқайшылар бір-біріне дауыстағанда, Қаратау түгел жаңғырығып Қазығұрт басындағы сөз бүкіл байтақ далаға тарап кетеді екен деседі. Содан барып, бүкіл ел жаттап алады екен.

**Едіге ұрпағы.** Өттеген-ай, десеңші! Сол “**бірлік, бірлік**” деп қанды жасын төккен халықтың арманынан “**билік, билік**” деп билікке таласушылардың құлқы басым түсе беретін болса керек. Бұл тарих

атты ымырасыз безбүйрек бірлік үшін емес билік үшін еңбек етуге құмар дейді ғой...

**Қазтуған ұрпағы.** Менің атам біреулер ұрысып қалса: “Ер шекіспей бекіспейді” – деп отыратын. Шекіскенмен, шеттесіп кетпесін. Шеттегенді қасқыр азық етер болар. Бірлік деп емес, билік деп күреске түсетін адамдар өз мақсатына тек ағайын арасына сына қаға алса ғана, біріккендерді бөле алса ғана билікке қолы жетер. Бірақ оны жай халыққа қалай түсіндірерсің?..

**Құлтегін ұрпағы.** Мың жыл бұрын осындай жиынға жиналғандар Қазығұрт басына сыймайтын болса, бүгінгісіне, бұл мыңжылдыққа бар болғаны жеті-ақ кісі жиналыпты. Жеті кісі не бітірмек?.. Бұл түркілердің азайғаны ма, азғаны ма?..

**Қазтуған ұрпағы.** Осыған да шүкір деселік. Бір кезде Нұх та жалғыз болатын. Бастан өткен дауылды замандарда діңгегі омырылып кетпей, сабағы үзіліп түспей, тамыры қырқылып қалмай, аман сақталып, аз да болса осы заманға, мынау заманның дұрыстыққа бет бұрған шағына, жеткеніне шүкіршілік етелік. Қара жусанның тамырынан көктеп шығар өскініндей енді талай пенде тегін де таныр, үйіріне де қосылар. Барлығы да бастарына азаттық алып жатырған жоқ па...

**Едіге ұрпағы.** Орны бар оңалар деген. Бұрын біздің елімізде аузыңнан түркі деген сөз шығып кетсе болды халық жауы атанып кете баратынсың. Енді ел билігі өздеріне тиіп жатыр емес пе?.. Ақылға келер.

**Баязит ұрпағы.** Жаулары орталарына жем тастап, кімнің дос, кімнің дұшпан екенін таныттырмай кетпесе тағы да...

**Қазтуған ұрпағы.** Негізгі себеп сырттағы жаудан емес, іштегі даудан!..

**Бұхар жырау ұрпағы.** Енді ел де түсінгендей болған болар. Іштегі даудың түйінін шешердей түйсік пайда болар кез жетті емес пе?

**Қазақбай.** Бұл хабар елге анау таулармен тарар, мынау желмен жетер! Ендігі жерде Қазығұрт басы қызыққа кенелер. Ел мың жылды күтіп отырады дейсің бе? Жыл сайын жиналар, тіпті күн сайын келер бұл жерге.

**Томирис ұрпағы.** Қазығұрттың қасиеті қайта қонар басына!

**Қазтуған ұрпағы.** Мен келесі наурыз күнін бүкіл от басыммен осы жерде қарсы алармын деп тұрмын...

**Құлтегін ұрпағы.** Тағдыр сұсынан сескенген бұл тарих жарыққа қайта ұмтылған екен, мәңгілік болғай!

**Қазтуған ұрпағы.** Бостандық дәмін тата бастады ғой, ел еңсесі бір көтеріліп қалар енді!

**Баязит ұрпағы.** Қарындастың қайғысына қарындас себепші болуы кешірімсіз күнә емес пе!.. Өткен мың жылдық тарихқа көз салсақ біздің түркілерді ешкім жеңбеген екен. Олар өздерін өздері күйретіпті. Бірін-бірі жау көріпті. Ақырында, бауырын жауына жығып беріпті.

**Томирис ұрпағы.** Өткен мың жылдық қатесін електен өткізер ақыл табылса, онда қаны мен тегі бір, тілі мен діні бір тумалас халықты біріктіреп себеп жеткілікті ғой.

**Қазтуған ұрпағы.** Қарындасым, орынды сөз айттың-ау! Бірақ бұ заманда өзінің басындағыны бақ көрмей азсынынатын, астындағыны тақ көрмей қомсынынатын қанағатсыздар тым көбейіп бара жатырғандай. Барлығында бір арман – бәрі бірдей ел басқармақ, бәрі бірдей атақты болмақ. Масқара боп, ұлт арына дақ түсіре, шетте жүріп жауларына қосылып Жері мен Елін қаралайтындар мен қарғайтындар шығып жатыр. Сол пәлелердің қырсығы тимесе бар халықтың арманы да сол бірлік емес пе?..

**Қазақбай.** Бүгін мені тағы бір таңдандырып тұрған нәрсе мына жастардың өресі мен білімі. Біз осы күнгі жастарда осыншалық білім, осыншалық парасат бар деп ойламаушы едік. Қателеседі екенбіз. Ақыл жастан деген осы болар.

#### **Дауыстар.**

- Бәрі де жетісті ғой!
- Бәрі білікті қазір.
- Бірақ билікке құмарлар да көбейіп барады.
- Өзімшілдік пен қызғаншақтықтың зардабы ғой.
- Өз сөзімізді сөйлелік. Ал, кім тағы не айтады?..

**Құлтегін ұрпағы.** Мен айтайын. Біз – **Мақтаныш, Өкініш, Арман** деп аталған аталардың үш өсиетін ел құлағына жеткізуге тиіс екенбіз. Байқадыңыздар ма? Біздің бабаларымыздың өкінішсіз де өмір сүрген заманы бар екен. Жаңа ғана жырланған Томирис өсиетінен біз өкініш сөз ести алмадық!

**Баязит ұрпағы.** Басында бірлігі болып, қаптаған қалың жауына қан құстырған елдің өкініші болды дейсің бе?

**Томирис ұрпағы.** Ол кездегілер: “Бір шырпыны тапсақ болды, ұран отын жақсақ болды! Бір түнде бүкіл даланы бір ту астына біріктіріп ала аламыз,” – деп, мақтанады екен дейді.

**Құлтегін ұрпағы.** Басынан бірлігі кеткен ел артына өкініш-жылау қалдырады екен. Әйтпесе, Құлтегін бабамыздың бағы да, билігі де өкінішсіз өмір сүрдіргендей емес пе... Ол өз заманындағы ең ұлы мемлекетті басқарыпты. Асып-тасып мақтана да білген. Артына гранит тасқа қашап жаздырған сөздері қалыпты. Тыңдап қараңдаршы...

*Ерекше шабыттана сөйлеп кетеді.*

...Ұлы Тәңірім жоғарыда Көкті жаратқанда, төменде Жерді жаратқанда, сол жоғары мен төменді билесін деп ортасында асыл текті түркі нәсілін жаратқанда – біз дүниенің төрт бұрышында билік құрғанбыз! Басы бардың басын идіргенбіз! Тізесі бардың тізесін бүктіргенбіз! Бұл сөзді ұрпағымыз мақтаныш етсін деп тасқа қашаттық!..

**Бұхар жырау ұрпағы.** Ғажап! Мына бабаларымыз ерлігі түгіл шешендігіне де табынуға тұрарлық ғаламаттар ғой! Мен қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі едім. Анадай сөздер тек қана батыр білекті адам емес, ақын жүректі де кісінің аузына түсетін сөздер.

**Қазтуған ұрпағы.** Тындырған ісі, мақтанышы осындай болғанда оларда да өкініштің болғаны ма?

**Құлтегін ұрпағы.** Болыпты ғой.

**Едіге ұрпағы.** Жалпы сүрілген өмірің – ол дұрысың мен бұрысыңның жиынтығы емес пе? Сондықтан да мақтаныш пен өкінішіңнің егіз болуы – заңды нәрсе.

**Құлтегін ұрпағы.** Құлтегін қағанның көзі тірісінде өзі құрған ұлы мемлекеті ыдырамаған. Бірақ ол кісінің артына қалдырған өкініші бір-ақ ауыз сөз екен...

**...Әттең, дүние-ай, қайтейін,  
Баста бірлік болмады-ай!..**

**Қазақбай.** О, Тәңірім! Мына ғасырлар үндестігіне назар аударыңдаршы!.. Бүгінгі тірліктегі ұрпақтың, мына тұрлаусыз

заманның, мына біздің басымыздағы қасіретіміз деп жүргеніміздің бәрі – сол ескі заман қасіреті, сол өткен баба өкініші екен ғой. Біз өзіміз тауып айтқандай болып жүрген бұ сөз бабадан атаға мирас қалып, атадан балаға мұра болып келе жатырған нәрсе болып шықты!.. Біз бабалардан қалған мұра деп өнері мен өнегесін ғана жіпке тізіп, есебін алып, ағаш үйінің үзігі мен қолға салар жүзігін ғана мирасқа санап жүрсек?.. Атадан балаға олардың қайғысы мен қасіреті, өкініші мен өксігі де мұра боп қалады екен-ау!.. Ғажап...

*Тыныштық орнай қалады. Барлығының назары соған ауған.*

**Едіге ұрпағы.** Сіздің мына ойыңыз бұрын ешкім айтпаған ой болды. Ал, шындығында, ойлана білген кісіге ел тіршілігі үшін жалпы халықтың тек қана қуаныш шақтарын қастерлей бергеннен гөрі қайғы соққан кездері туралы да көбірек айтып, жиірек еске салған дұрыс болар еді.

**Томирис ұрпағы.** Ол қалай?

**Бұхар жырау ұрпағы.** Жеке кісіге шаттық әкелген қуаныш жалпы елге не береді? Жеке кісі қуанышы бүкіл елге қуаныш бола алмайды. Ол тек қана өзінің “мен-мен” атты сезімін қанағаттандырады. Ондай қуаныш іздеу сезімі түбі үгоизмге жеткізіп тынбақ. Ал қайғы сезімінің жөні бөлектеу. Шындығында да, жұрт барша халықтың да, жеке кісінің де қасіретіне ортақтаса алады. Қайғыға ортақ болу біреуге деген аяушылық сезім туғызады. Қуаныш сезіміне ортақтасудың арты көбіне қызғаныш сезімнің оянуына себепкер болмақ. Сондықтан да қуаныш сезімінен қайғы сезімі қасиеттілеу... Біздің Бұқар бабамыз: “Өттең, дүние-ай, қайтейін, баста бірлік болмады-ай,” – деп күңіренген дейтінбіз. Міне бүгін мынау қасиетті Қазығұрт басында Алла тағала аян бергендей, бұның да сыры ашылып жатыр. Ол сөз Бұқар жырау сөзі емес екен. Ол сөз ғасырлар қайғысы екен. Ол сөзбен біздің бабаларымыз есте қалмаған ескі заманнан бері күңіренген екен.

**Едіге.** Дұрыс-ақ! Бірақ “бабалар өкініші” атты бой тұмар етіп тағарлық сол мұраға бізге дейінгі өткен қай заман ұрпақтары да онша мән бере қоймаған секілді. Олар ата-бабадан қалған дүние-мүлік мұраларының мән-мағынасын емес жасын ғана қастерлейтін болса керек.

**Қазақбай.** Ендігі жерде қасиет қонған сөздер жасын да анықтау қажет пе деймін. Оларды да ең асыл мұралар қатарына қоспаса болмас. Біздің қазақ халқы: “Өнер алды – қызыл тіл”, – деп, сөзде қасиет бар екенін мойындаған. Мен қазір сіздердің алдарыңызда бүкіл түркі нәсілді елдер үшін:

**...Өттең дүние-ай, қайтейін,**

**Баста бірлік болмады-ай!** – деген жалғыз ауыз сөзді Ата-бабадан қалған **ең асыл мұра** деп қабылдап, ол сөзді барлық мұражайларда ең көрнекті жерлерге жазып қойған дұрыс деп ойлаймын. Ол сонау замандағы Құлтегін аузынан шықса, мүмкін одан бұрынғылар да айтқан болар. Сонда бұл өкініш–сөздің, арман–мұраттың жасы жобамен 2000 жылдан асады. Демек бізге биыл сол сөздің, ең асыл мұраның, 2001 жасын тойлаған дұрыс болар. Сонымен бірге сонша жыл бойы сол сөз мағынасына мән бере алмаған еліміздің де, соның қырсығынан азап шеккен жеріміздің де қасіретін атап өткен жөн.

**Құлтегін ұрпағы..** Бабаларымыздың өкініші:  
“**Әттең, дүние-ай, қайтейн, Баста бірлік болмады-ай**”, – деген бір ауыз сөзге сыйса, өсиеті де – бір-ақ ауыз сөз!

**Өмір дегеніміз – адамдардың тірлігі,  
Бақыт дегеніміз – сол адамдар бірлігі!..**

**Дауыстар.**

- Бірлік те бақытта қолодағы нәрсе секілді екен!
- Тек қана қаласаң болды...

Шымылдық жабылады. Сахнада жалғыз Қазақбай қалады.

**Қазақбай.** Мен осы екі ауыз сөзді Қазығұрт тауының аса бір көрнекті жеріне қашап жазып қоямын. Көрсін келгендер... Оқысын да ойлансын...

Сахна төрінде

**Бабалар өкініші: Әттең, дүние-ай, қайтейн,  
Баста бірлік болмады-ай!..**

**Бабалар өсиеті: Өмір – адамдардың тірлігі,  
Бақыт – сол адамдар бірлігі!..**

деген сөздер пайда болады.

Шымылдық.

## **4 бөлім. Талқы.**

Бұл бөлімде бабалар ісіне ұрпақтарының қалай күдіктенгені баяндалады.



**Баязит ұрпағы.** Уақыт бәрін жеңеді дейтін. Уақыттың да жеңе алмайтыны бар екен-ау! Арман-тілегі әбден орындалғанша жұрт жадынан мыңдаған жылдардың да сүрте алмайтыны соның айғағы емес пе?.. Ғасырлар бойы аңсата берер абзал арманы мен өшпес өксігі болатын болғаны да. Бәрінің аңызында, бәрінің ойында, бәрінің аузында бір-ақ ауыз сөз: “бірлік – бақыт!”

Ал бәрінің қалауы бірлік болатын болса – қайда сол бірлік?.. Бәрі де өз қолдарында емес пе еді?.. Неге бірікпеді?.. Бәрі ақыл айтады да ақылсыздың ісін істейді... Бәрі өзгеге өсиет қалдырады, бірақ өзіне жеткен өсиетті орындамайды... Бәрі бірлікті арман етеді, бірақ арманына жетуге қол созбайды. Тіпті, Ақсақ Темір жауыз да “”Әттең, дүние-ай, қайтейін,

Баста бірлік болмады-ай!” – деп өкініпті.

Менің Баязит бабамнан қалған арман да, өкініш те осы болыпты. Діні басқа, қаны бөтен бүкіл Европа елдерінің біріккен рицарларының шабуылынан елі мен дінін қорғап қала алса да өз қандастарынан бастағы бақыт пен қолдағы бірлікті қорғап қала алмапты. Сол екі түркінің келісе алмауы бүкіл Азиядағы түркі тұқымдас елдерді, бүкіл діндес мұсылман бауырларды басқаларға бағынышты етті.

**Қазақбай.** Сонда қалай? Тамырлас едіңдер деп, тектерің бір еді деп мыңдаған жыл өсиет айтып ұйымдастық дейік. Сол армандаған бірлігіңнің тағдыры бір тентектің тіліне, бір патшаның парасатына тәуелді болатын болса, онда ол миллиондаған арманды жандардың мыңдаған жылдық еңбектеріне татымай қалмай ма?..

**Бұхар жырау ұрпағы.** Қауіпіңіз дұрыс қой. Бірақ ендігі жерде заман ережелері басқарақ жазылатын секілді!..

**Қазтуған ұрпағы.** Қазіргі ел – өз ойы бар, өз пікірі бар қауым. Ендігі патшалар дүниежүзілік үстемдіктен дәметпейтіндей сауаттанған болар. Бұл заман билеушілерінің басты мақсаты басқа елді жаулап алып атақты болу емес, еңбек жарысында, ақыл жарысында озық болу. Соны түсінген мемлекет те, соған көнген ел де қауымдасу, ұйымдасу арқылы елін оздырмақ, ел басына бақытты заман орнатпақ.

**Едіге ұрпағы.** Мен осы дүниенің жартысына билік жүргізген Алтын Орда мемлекетінің бірде қолбасшысы болып, бірде ел басшысы болып, жұрт сүйіктісіне айналған Ер Едіге тұқымынан едім. Өзім – тарихшымын. Тарихи тұрғыдан қарағанда, қазіргі ұлт жанды адамдар сезімімен ойлағанда менің бабамның соншама дастан жазып мадақтарлықтай болашақ ұрпағына тигізген жақсылығы жоқ секілді. Ұлық Ұлыс атанған ұлы мемлекеттің ыдырауына себепші болды. Әрине, оған тек қана билеушіні күнәлі ету дұрыс емес. Халық қате

баспайды дейді, бірақ халықтың да қаншама қате басқан қадамдары өздеріне қасірет әкеледі.

**Қазтуған ұрпағы.** Не айтпақ ойыңыз бар?..

**Едіге ұрпағы.** Кей кезде халық парықсыздығы осындайда байқалады. Сол кездегі көпшілік өз ханымен ұстасып, өз елін қанға бөктіріп, ақыр соңында, Ұлы мемлекетті әлсіреткен кісі жағына шықты. Халық өз қолдарымен қуатты елінің қабырғасын сөгіп тастады. Өз еріктерімен жат жұрттың боданы болуға жол ашып берді. Ал соны ұйымдастырған Едіге не ұтты?.. Менің аруағына табынған, әлі де табына беретін сол бабам өз арманына – билікке қолы жетті, он шақты жыл ел биледі. Ал соншама іс тындырған халық, өз замандастарының бәрінен озық халық солардың қырсығынан жүздеген жылдар бойы басында еркі жоқ, жүзінде көркі жоқ құлға айналды. Байтақ елі, Ұлық Ұлысы тәуелсіздігін жоғалтты. Елі шет ел тентектерінің сайран салатын, желіккендерінің желін басатын отарына айналды.

**Қазтуған ұрпағы.** Алауыздық арты солай боларын тарих талай рет дәлелдеді ғой. Ұлы мемлекеттерге астана болған Сарайшық кәзір жермен жексен, күл болып жатыр емес пе?..

**Едіге ұрпағы.** Ал біздерді сол дәрежеге жеткізген бабаларымыз да артына дәл басқалар айтқандай өсиет қалдырыпты. Бұ күндерде таққа таласушылар, баққа қызығушылар осы тарих тәжірибесінен ғибрат іздемей ме екен?.. Ай, қайдам?.. Іздемейтін болар... Әйтпесе тақ пен бақ таласы барысында ел басына күн туғызуды тоқтатар еді ғой...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Інім! Ел санасында: “Ел қамын жеген Едіге” – деген қанатты сөз қалмап па еді? Сіздің өз бабаңызға айтар өкпеңіз мол секілді ғой?..

**Едіге ұрпағы.** Едіге менің бабам болғанда ол маған қазақ халқынан жақын ба екен?.. Өзін “мен – қазақпын” деп көкірегін соға алатын адамға бабасы мен атасынан да, әкесі мен баласынан да жақын тұтуға тиіс тұлғасы бар!.. Ол тұлғаның аты – Қазақ халқы!.. Атаң менен әжеңді де, әкең менен анаңды да туған сол халық. Істеген ісі халық мүддесінен шыққан кісілерді ғана бабам деп бағалап, атам деп ардақтаған ел мен ер – ел бірлігі деген қасиетті ордаға қарай бір қадам жақындай алар...

...Қазақ халқы деген Кісі маған өзімнен де жақынырақ!..

**Қазақбай.** (*Өзіне өзі*) Осы біз өмірден шет қалып бара жатырған жоқ па екенбіз?.. Мына кісілер кісілік туралы қалай-қалай толғайды?..

**Бұхар жырау ұрпағы.** Нағыз Азамат сөзі дәл осындай болатын болар!.. Бұл ел-жұртымыздың мыңдаған жылдық мезгілден оза бастағаны шығар?.. Әлде Қазығұрт басына тек жаны тазалар ғана жетті ме екен?.. Көпшілік ойы осылай болса ғой, шіркін!..

**Қазақбай.** Мүмкін солай да шығар...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Қайдам? Бұ халық дегенің тұрлауы жоқ тобыр ма деп қаласың, кей-кейде. Ақыл мен Шындық жағында емес, көбіне Жалған мен Айқайшының соңында жүреді.

Айтыңызшы замандас, Сіздің тұқымыңызға қазіргі заманда Едіге аты “Менің атам – Едіге” деп мақтануға неге олқы соғып тұр деп ойлайсыз?..

**Едіге ұрпағы.** Батыр бабамыздың ерлігі туралы дастандар көп жазылыпты. Бірақ оның жеңіп жүргендері алыстағы ата дұшпан жауы емес, қоныстас көршілері мен тегі бір қандастары екен. Ең үлкен жеңісі – басқаның емес өзінің патшасын тақтан тайдырғаны екен. Ыдырап бара жатқан біраз түркі елінің басын біріктіруге еңбек еткен Алтын Орда ханы Тоқтамыстың басын алыпты...

**Бұхар жырау ұрпағы.** Ия, солай. Алтын орда ханы Тоқтамысты тақтан тайдыруға, түркі елдерін бақтан айыруға Ақсақ Темір мен Едіге мырзаның қосқан үлестері аз емес.

**Едіге ұрпағы.** Бірақ сол кісілер өздерін бақытты санады ма екен?.. Санай алмаған болар... Сондай билеушілер өмірден өтерде өкініш отына басқалардан көбірек өртенетін болар. Әйтпесе Ер Едіге деп көзі тірісінде-ақ дастандар арналған кісі өмірден өтерде – баста бірлік болмады-ай деп, көкірегін жара күрсінер ме?.. Бәрінің арманы тірісінде де біреу, өмірден өтерде де біреу-ақ!.. Тірісінде ел басқарсам дейді, “о жаққа” аттанарда болашақ ұрпаққа бірлік тілейді... Кезінде аз ғана ағайын арасындағы араздық үшін өз тамырына өзі балта шауып, өз шаңырағын өзі шағып қате басқан кісінің өкініші өзегін өртейтін болар. Әсіресе болашақ ұрпақ қарғауы мүмкін-ау деген ойға берілу қандай сұмдық...

**Қазтуған ұрпағы.** Сонда сіз қазіргі адамдар, ел Едігені қарғайды деп ойлайсыз ба?..

**Едіге ұрпағы.** Едігенің жағымсыз жақтарының ұмытылғаны қашан... Ел жадын қалыптастырушылар аруаққа жүк артуға құмар болмайды. Жұрт назарына өмірден өткен барлық қайраткерлердің тек жақсы жағын ұсынады да, бара-бара бәрі де ел сүйіктісіне айналып кетеді...

**Қазтуған ұрпағы.** Қанша дегенменен, ел жадында тарихи шындықты қалыптастырар да, шындыққа жақын бірдеңелер қалу қажет емес пе?..

**Едіге ұрпағы.** Ел деген сағыз шайнап жүрген бала тәрізді тіршілік етушілер емес пе?.. Түсін жылтыратып, сәл секер қосып дәмін келтіріп сағызды аузына салсаң болды, олар шайнандауға жалықпас. Ел басына қасірет орнатқан жер шарын жаулаған жаулаушылар атына, мысалы өз бабаларымыз Темірлан мен Едігеге ондап, жүздеп дастан арнаған. Ал Дарий патша біздің елімізді жаулауға келгенде парсының бар әскерін айламен құртқан, өз өмірін өз еркімен құрбандыққа шалып сақ даласын сақтап қалған Шырақ атты қойшыға бір ауыз сөз де арнамаған. Грек тарихшыларына рахмет Шырақ атын мәңгілеп кетіпті. Солардың жазбасынан бізге нағыз ердің аты жетіп отыр.

**Томирис ұрпағы.** Осы ағаның сөзінің жаны бар. Мен әлі тұрмысқа шықпаған кісімін. Затым әйел болғасын, әйел тағдыры туралы көбірек ойлаймын. Біздің тарихта ел қорғаған, жанын сол жолда құрбан еткен бір де бір әйел болмағандай, баяғы заманның ержүрек әйелдері туралы, бұ заманның жақсы әйелдері туралы ешкім ештеңе жазбайды. Жақсы әйел деп мен өз елінің әдет-ғұрпын сақтайтын, халқының ер жүрек батырларына ана да, пана да бола білгендерін, елі мен ерін қадірлейтін әйелдерді айтып отырмын. Ал кездейсоқ бір әйел өзінің некелі жарын тастаса, ұлтының әдет-ғұрпынан аттаса болды барлық ақын сол әйелді аспандата жөнеледі. Еңлік деп еңіреді, Ақбөбек деп аңырайды, Қалқаман деп қайғырады. Тағы бір мысал. Өздерің жаңа ғана әңгіме еткен Шырақ деген батыр бала туралы бір ауыз сөз қалдырмаса да, өз әкесін өлтірген Болатбек деген бала туралы дастан жазады, ән шығарады. Мына ағаның сағыз шайнайды деп тұрғаны да сол болар.

**Қазақбай.** Қарындас десем де болар, қызым десем де орынсыз емес. Мана менің аузымнан “адам да түзеліп келеді, заман да түзеліп келеді” деген сөз шығып еді. Қалай аузыма түсті деп те таңырқаған едім. Асылы, сол сөзді менің аузыма періште салған болар. Сіздердің мына ойларың, осы сөздерің соның айғағы. Елдің елдігі туралы, адамның адамшылығы туралы осылай толғана алатын ұл-қызы бар елдің басына бірлік те, бақыт та жақындап келе жатқан болар...

#### **Дауыстар.**

- Аумин!..
- Айтқаныңыз келсін!..
- Жақсы сөз, жарым ырыс!

**Томирис ұрпағы.** Ағатай-ай!.. Мына сөзіңіз менің көмейіме өксік, көзіме жас толтырып жіберді ғой!.. Қандай жақсы ниет еді!.. Қандай асыл арман еді!.. Алла тағала оңына келтіргей!..

**Қазтуған ұрпағы.** Босама, шырағым! Ағаңның сөзі баяғы бір арман дағы. Елдің ойын, халықтың жайын білу оншалықты қиын нәрсе болмаған. Олар туралы білгілерің келсе, соңғы жазылған бірнеше ақын өлеңдерін оқып қараңыз. Оқи отырып, өзіңіз де өз ойыңызды қалыптастырасыз. Ақын – халықтың тілі. Менің қасиетті бабам Қазтуғанның сөздерін қазір бір тарихи кезеңнің баяндауы деп бағалап жүр емес пе... Бұрын-соңды еш елде, еш жерде болмаған ұлы мемлекет – Ұлық Ұлыс, Алтын Орда деп те атала береді, сол байтақ ел басындағы бірлігі кеткен күні ұсақ-ұсақ хандықтарға бөлініп тыныпты. Бөлініп алып та бір-бірімен жауласулы. Ең қауіпті жау – іштен шыққан жау.

**Бұхар ұрпағы.** Біздің Бұқар жырау бабамыз да іштен шыққан жау жаман деген екен.

**Қазақбай.** Мен сіздердің осы сөздеріңнен, кенеттен ойға орала кеткен, бір қорқынышымды айтайын ба?..

#### **Дауыстар.**

- Қорқынышы несі?..
- О не қорқыныш?..
- Ал айтыңыз...
- 

**Қазақбай.** Құдай сақтасын дейінші. Айтпақ ойым бар болғаны мысал ғана... Тағы да Құдайдан кешірім өтініп алып, егер қазір елді жинап жіберіп: “Біз мына байтақ қазақ елін онға бөлеміз. Осы елдерді билейтін он кісі шығындар десе”... Не болар еді?.. Мен!.. Мен!... Мен!.. – деп келісе кетушілер табыла кетер ме екен?.. Жоқ әлде... Іргесі бүтін елді бөледі деген не сұмдық?.. Ата-бабаларымыз талай-талай бөлініп көрген, бірақ бақытсыздықтан басқа ештеңе де таппаған. Алтын Орданы онға бөліп алғандар да, бір қазақты үшке бөліп алғанда да шыққан мүйіз шамалы болатын. Бөлінгеннен кім мұратына жетіп пе еді?, – дер ме екен?..

**Томирис ұрпағы.** Ағажан-ай! Бұл не дегеніңіз!.. Мынадай сұмдық ой басыңызға қалай келіп тұр?.. Бұ заман – байтақ еліміздің сауатты болған заманы емес пе? Халық өзінің ұлттық санасының аяққа тапталғанын көрген ел еді ғой! Шыныменен содан да қорытынды шығара алмайды ма? Жүздеген жылдар бойы бодандықтың бұғауын сүйреткен, азабын көргендер емес пе? Әй, ешкім шыға қоймас...

Тарих тағылымы, азамат санасы, ел мүддесі деген қасиет тұтар ұғымдар бар емес пе?..

**Едіге ұрпағы.** Айналайын-ай, жылап жібере жаздадың ғой! Елдің бәрі бастағы бірлік туралы тап өзіндей шырылдаса, тек қана біздің елде емес, бүкіл жер шарында “қой үстіне боз торғай жұмыртқалар” заман орнатар еді-ау! Бірақ біздің қазақ халқының кейбір санасы уланғандары бірнеше ғасырлық көрген қорлық пен мазақты, зұлмат пен азапты он шақты жылдық нанға қарны тойған кезеңі үшін құрбан етіп жіберді емес пе? Кешегі Президент сайлауы кезінде біраз жерлестеріміз қазақ халқының тамырын қырқып жібере жаздаған коммунистерге де дауыс берді ғой!

**Қазтуған ұрпағы.** Жоқ, олай деменіз. Желтоқсан уақиғасын еске алсаңызшы! Халық – ел намысы дегенде отқа түсердей боп, біріге қалмап па еді?.. Жалын боп лау ете қалмап па еді?

**Едіге ұрпағы.** Жоқ! Мен оған келісе алмаймын. Ол халықтың бас біріктіруі емес болатын. Ол – жастар шыдамының бір сәтке шарасынан асып кетуі, тасып төгілуі еді. Жастардың ол қозғалысын елдің саналы түрде бас біріктіруі десек біз өзімізді өзіміз алдаған болар едік. Ол қозғалыс – әлі де болса елдің басын біріктіруге болатынының дәлелі ғана!

**Қазтуған ұрпағы.** Сіздердің осы ойларың біздің Қазтуған бабамыздың көзінен жас емес қан ағыза жырлаған зары екен. Қазтуған бабамыздың заманы біздің елдің ең қасіретті жылдарының басы болған секілді.

**Едіге ұрпағы.** “Ақтабан шұбырындыдан” да ма?

**Қазтуған.** Әрине. Қазтуған өз басына түскен ауыртпалыққа емес, болашақ ұрпақтар басына түсер ауыртпалықтың салмағына сана жеткізе алған кісі ғой. Олар әлі өз бастарынан бақыты тайып кете қоймаған заманда, жалы биік, жағасы бүтін заманда өкініш айтқандар ғой. Солардың өсиеті орындалмады да ақыры сол замандағы ел басшылары елді “ақтабан шұбырындыға жеткізген болатын”.

**Қазақбай.** Ол сонда қандай өкініш-өсиет қалдырыпты?

**Қазтуған ұрпағы.** *(Саз аспабын күйге келтіреді).* Басынан ел бірлігі кете бастағасын Қазтуған заманындағы даналарымыз кейінгі болашақты болжап біліп, қазіргі Дон, Еділ, Жайық аралығындағы атамекенінен Ұлытау, Алатау, Қаратау бойына қарай жылжыған ғой. Сол жылдардан қалған бабалар өкініші...

Бақасы қойдай шулаған,  
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас –  
Қайран Жайық, қайран Дөң,  
Қайран менің Еділім!..  
Бастан бірлік кеткен күн –  
Бақ-дәулет бастан көшкен күн,  
Қасірет-қайғы жеткен күн,  
Үміті елдің өшкен күн...  
Енді кімге құтты қоныс боларсың  
Адыра қалған бізден жұрт?  
Қайран да менің Еділім!..

**Едіге ұрпағы.** Жарықтық, Қазтуған бабамыз ел басына әлі туа қоймаған заман үшін қасірет шегіп, әлі басына бодандық бұғауы түспеген елі үшін запыран ішіпті. Ел басынан кете бастаған бірліктің зардабының қандай боларын анық сезе біліпті ғой.

**Бұхар жырау ұрпағы.** Бұхар жыраудың зары мен өкініші дәл Қазтуғанның аузынан жырып алып жырлағандай-ау! Тыңдап қараңдаршы... Ол бабамыз да бірде:

“Тоғызыншы тілек тілеңіз  
Төреңіз тақтан таймасқа.  
Тоқсандағы қарт бабаң  
Топқа жаяу бармасқа”, – десе,  
енді бірде:

“Жаулаған ханын қара оңбас,  
Хан қисайса бәрі оңбас”, –  
деп сақтандырған екен.

Менің жасым тоқсан үш  
Мұнан былай сөйлеуім  
Маған да болар ауыр күш.  
Өлетұғын тай үшін,  
Қалатұғын сай үшін  
Қылмаңдар жанжал-ерегес!..

Ал сонда біздің аталарымызға осыдан артық қандай ақыл, қандай өсиет қажет?.. Жаңағы Қазтуған зарын жырлай жүріп, Бұхар ақылын айта жүріп біріге түсудің орнына бөлініп тынды, ақыры. Соның арты “ақтабан шұбырындыға” жалғасты. Оның арты бостандығынан айрылып, бодандыққа бас иді.

**Едіге ұрпағы.** Пай, Бұхар баба да айтады-ау! Тоқсандағы қарт бабаң, топқа жаяу бармасқа... дейді. Сонда ол кісі тойға, топқа жаяу

келе жатқан елінің қарты үшін арланып тұр ғой... Сонда қазір біз кіміз?.. Жаяу келе жатқаны түгіл жығылып жатқанына да қарайламайтын халге жетіппіз.

**Томирис ұрпағы.** Ағалар-ай! Бүгін соншалықты жақсы шыққан күнді жақсы батыра алсақ жарар еді!.. Көлеңкеленіп барады ғой...

**Қазтуған ұрпағы.** Көлеңке бізден түсіп жатырған жоқ, шырағым. Ел басының бірлігі жоқтығынан пайда болып келе жатқан алауыздықтың көлеңкесі емес пе? Қазтуған мен Бұқар жыраудың көз жасын ағызған бұл сөздерді қалайша жасырып ұстарсың?

**Бұхар жырау ұрпағы.** Біздің Бұқар жырау бабамыз Тәукеге дейінгі бірнеше ханға, содан соң Тәукеден бастап Абылайдың соңғы деміне дейін елдің басын біріктірсек деген арманыменен өмірден өткен секілді.

*Шымылдық жабыла бастайды. Адамдар қозғалақтап кетеді.*

**Қазақбай.** Сонда неге бірікпейді, бұ халық?..

**Едіге ұрпағы.** Ойбай-ау, халыққа салсаң бірігер-ау! Оған билік басына таласушылар ерік бере ме?.. Бөліп алып, бөрідей таламай ма?..

*Шымылдық толық жабылады. Тек қана Бұхар жырау ұрпағы қалады.*

**Бұхар жырау ұрпағы.** Хан тағынан бөрік кигеннің бәрі дәмелі. Бірақ бас дейтін пәлекеттің бәрі бірдей бөрікті көтергенмен ақылды көтере алмайды екен. Бәрі ел билегісі келеді. Бірақ ел болып ойлағысы келмейді. Олар да өз елін жақсы көретін болар, бірақ олар билік басында болуды бәрінен де артық көреді.

**Дауыстар:**

- Сонда ел басын қалай біріктіруге болады деп ойлайсыздар?..
- Біріктіру кімнің қолынан келеді?

Шымылдық.

## **5 бөлім. Бірлік**

Бұл бөлімде ел жүрегінің бірлікке құмарлығы баяндалады.



*Шымылдық ашылады. Ойланып тас үстінде отырып қалған адамдар. Қазтуған ұрпағы орнынан тұрады.*

**Қазтуған ұрпағы.** Бірлік бақытқа жол ашады дедік. Ал келістік делік. Сонда соған апарар жол қандай?.. Сол жолда елді кім бастамақ?.. Оның арты тағы да билікке таласуға ұласып кете бармай ма?..

**Қазақбай.** Ал, бауырлар! Пікірлестіңдер!.. Аталарыңның өкініші мен өсиетін, арманы мен мақтанышын ортаға салдыңдар!.. Бұл дау қазақтың “бітпес” атты ор-өрнегіндей шеті жоқ нәрсе ғой. Бұл таудың басы ол дауды шешетін жер емес. Ал айтыңдаршы, енді елдеріңе не деп барасыңдар?.. Ести кетелік. Айта жүрелік...

**Едіге ұрпағы.** Дұрыс сөз. Мың жылдық дауды дәл осы арада шешіп ала алмаспыз. Ал, айтыңдар! Не деп барамыз?.. Аға Сіз не дейсіз?..

*Бұхар жырау ұрпағына қарайды.*

**Бұхар жырау ұрпағы.** Біз не айтамыз, көпшіліктің айтқанына қол көтереміз дағы.

**Томирис ұрпағы.** Ана жаққа қараңдаршы! Тағы біреулер келе жатыр!

**Баязит ұрпағы.** Жарықтық бұл таудың басы бос жатпайды екен. Қасиетті Қазығұрт деп бекер атамаған ғой.

**Қазтуған ұрпағы.** Бұлар кім?.

**Едіге ұрпағы.** Жай жүргендер ме?.. Әлде кешігіп келе жатқан біз секілділер ме екен?..

**Қазақбай.** Мен секілді Қазығұрт басынан дәрі шөп іздеп жүргендер болар. Біраз еңлік гүлін жинап алыпты ғой.

*Екі жас жігіт бұларға сәлем береді. Біреуі арап азаматынша киінген.*

**Бейбарыс ұрпағы.** Ассалаумағалайком! *(Барлығымен қол еріп амандасады).*

**Ақын.**

*Тұрғандарды сынай бір шолып өтеді.*

Сәлем бердік, Сіздерге  
Қазығұрттың басында

Қараң-ғұраң адамдар!

*Қазақбайға қол беріп амандасады.*

Түрлеріңе қарасам,

Ақыл айтар бабам бар!

*Қазақбай қолын жіберіп, Едігеге қол беріп амандасады.*

Жастарыңа қарасам,

Іштеріңде ағам бар!

*Қазтуғанға қол беріп амандасады.*

### **Тұрыстарың келіскен**

Ойлы көзді жарандар!

**Баязитке қол беріп амандасады. Қызға қарап ерекше шабыттана**

Бір-екі ауыз өлеңге

Бір қазақтай шамам бар.

Қазығұрттың етегі

Қазақ деген қауым бар.

Араласаң, даласын

Айналайын – ауыл бар.

Сай-саладан жалықсам,

Басына шығар тауым бар.

Тау басына шыққанда,

Сөз өлең боп сауылдар.

Жолым болып, мінеки

Қазығұрттың басында,

Шабыт буған шағымда

Тыңдайтын сіздей қауым бар!..

Ортаңызда айдай боп

Толған шағы, нұр жүзді,

Сұлу қыз деген жауым бар!

Сұлуға гүл ұсынған

Ақынға қандай дауың бар!

### **Дауыстар.**

– Бәрекелде!

– Ақын екен!

– Суырып салманың өзі екен!

*Ақын ізетпен қызға гүл ұсынады.*

**Тмирис ұрпағы.** *(Қыз гүлді иіскеп тұрып сөйлейді).* Аға, рахмет! Бүгінгідей қуаныш кернеп, сезім буып тұрған шақта аспаннан маған гүл жеткізуге түскен періштедей боп, жарқ ете қалдыңыз ғой! Бұл гүл құрап күл болып кеткенде де ендігі жерде менің ең қымбат дүниеме айналар!

**Қазақбай.**

Уағалайкум-ас-салам, Ақын жігіт,  
Қара сөзден өлеңге жақын жігіт.  
Қандай екен сарайың, кім біледі,  
Бір көруге, жылтырақ, тақыл жігіт.

### **Дауыстар.**

- Ал ақын керек болса!
- Мәс-саған! Ақын өзіміздің қасымызда тұр екен ғой!
- Осылар қазір айтысып қалып жүрмесін.
- Несі бар, қазақтар айтыса салады...

**Қазақбай.** Жо-жоқ, мен ақын емеспін. Мына ақын жігіттің көңілі шалқып тұрғасын аздап демеп жіберейін дегенім ғой. Біздің қазақ халқының бір-екі жол өлең құрастырмайтыны болмайды.

**Баязит ұрпағы.** Біздің түркі елінде қазақ жерін Атамекеніміз деп ұлық тұтады. Қазақ халқын түркі тегінің қарашаңырағын ұстап қалған текті тұқымымыз деп өзгеше құрметтейді. Қазақтар ақын халық деп мақтаныш етеді. Бұл жігіт ақын болса қазір ойланбастан, түркі тектес халықтар туралы бірден өлең құрастыра ала ма?..

**Қазақбай.** Неге құрастырмасын. Түріне қарасам, осы жігіт құрастырып әлек болып жатпайды, саулатып төгіп-төгіп жібереді.

**Ақын.** Тегі бір, түркі тұқымдас халық туралы дейсіз бе... Апыр-ай, а... Болсын, болсын... Ал тыңдаңдар...

*Қыз жартас үстінде жатқан домбыраны ұсынады.*

Қапияда қыссаң да,  
Ақын сөзден жаңылмас.  
Қазығұртқа жиналған  
Қайдан келген қарындас?  
Іздесем де бұл жерден  
Бөтен бір жан табылмас.  
Тегін білген тектілер  
Артық-кемге тарылмас.

### **Күй құлағын келтірсең,**

Сазың неткен сарындас.  
Тілегің бір, тілің бір  
Бір құрсақтан, қарындас.  
Бірге туған ел едің  
Тегің, жұртың – тамырлас.  
Бас қоссаңдар бірлігің!  
Бас қоссаңдар тірліің!

Кездестіңдер қалайша  
Жүзі жылы кіл бүгін?  
Сапарларың оң болғай!  
Армандарың оңдалғай!  
Жүрсіңдер ме бабаңның  
Өтемекке борышын –  
Орындамай тірлікте  
Кеткен ісін қолға алмай?!  
Осындай кезде қалайша  
Сөз сөйлерсің толғанбай.  
Айналайын, қарындас!  
Жас қосылсын жасыңа,  
Бас қосылсын басыңа,  
Қолдағы гүлің солмасын!  
Алыстан сапар шегіпті  
Қасымдағы жолдасым.  
Аман-есен жетулі  
Тілеуі ақ болғасын.  
Атасы бұның Бейбарыс,  
Түркі түгіл жат елде  
Қосыпты басын бөтеннің.  
Бейбарысты жырласам  
Игертпей сөзді кетермін!  
Атырау теңіз сағасы,  
Ақжайықтың жағасы  
Ескерткіш ашып бабаға  
Барыпты сонда, шамасы.  
Қуанышты дейді екен  
Бейбарыс қайтып келгесін  
Бүкіл қазақ баласы.  
Осыдан кейін біздерді  
Қалайша нашар ел десін!  
Тыңдамасын қалайша  
Ақынның айтқан термесін...

*Тұрғандар шулап кетеді.*

**Томирис ұрпағы.** Ғажап! Бейбарыс тұқымы дейді!..

**Құлтегін ұрпағы.** Египетті билеген қыпшақ па, кәдімгі? Мына ақын таңатқалы арамызда болғандай ғой, тіпті!

**Едіге ұрпағы.** Құлағына періште сыбырлап тұрған болар!

**Баязит ұрпағы.** Ақын деген осылай болар!

**Қазақбай ұрпағы.** Өсер елде ақын көп дейді екен, жақсылыққа болар! Қазақ халқы – ақын халық деп бекер айтпайды!

**Қазтуған.** Бәрі де Алла тағаланың құдіреті ғой!

**Ақын.** Жоқ, олай деп сіздер сөз өзіңізге тигенде, бастарыңды ала қашпаңдар. Мен Алла тағаланың сіздерге не деп тұрғанын айтып берейін бе?..

**Дауыстар.**

- Айтыңыз!
- Өлеңмен айтыңыз!
- Сұраймыз!

*Ақын сәл ойланып қалады. Жан-жағына қарап алады да, өлеңдетіп кетеді...*

**Ақын.**

Бұ не деген халық еді ұмытшақ,  
Бара жатқан мәңгүрттерге шын ұқсап.  
Мал бағатын, от жағатын кім қалар  
Бәр-бәріміз билік қуып құнықсақ.

Билеткен ем бәрін – жерін, аспанын,  
Ер еткен ем ер түркінің жастарын.  
Бар әлемге ие еткем, бір кезде,  
Игізіп ем дұшпанының бастарын.

Бүктіріп ем жау біткеннің тізесін,  
Ойлап едік бүтіндер деп біз есін.  
Бірін-бірі талап жеген аң мінез,  
Пейіл азса елді қалай түзерсің?..

Түсінбеді жақсылықты жұрт толық,  
Кете алмады қарындас боп, ұлт болып.  
Ақыл көрді ел бұзардың сөздерін,  
Кете барды бақа-шаян, құрт болып.

Сұлтан емес айқайшысын қолдады,  
Елес қуды – бақ таластық жолдағы.  
...Арманым-ай, жете алмадым дейді енді,  
Бар айтары ... әттең, бірлік болмады...

...Әттең, әттең, әттең бірлік болмады...

*Ақын соңғы жолдарды назырқай айтады.*

**Томирис ұрпағы.** Ағажан-ай! Нағыз көріпкел Сіз екенсіз!

**Қазтуған ұрпағы.** Таң атқалы ортамызда отырғандай...

**Едіге ұрпағы.** Ол көріпкелдіктен емес болар. Біздің таң атқалы айтып тұрғанымыз бағзы замандардан бері халықтың жүрегінде қатып жатқан жазылмас шері болар. Ақын кісі сол шерді өлең сөзбен ақтара салады.

**Қазақбай.** Құдай біледі, жаңағы біздің сұрағымызға да жауапты осы кісі тауып бере алады...

**Тмирис ұрпағы.** Ағатай, сіз ақын екенсіз. Арттағыларға үлгі боларлықтай етіп, ата-бабаларымыздың қолы жетпей келе жатқан өкініш пен өсиетін, мақсаты мен арманын өлең сөзге сыйдырып бере аласыз ба?..

**Ақын.** Елдің мұңы мен өкініші, арманы мен қуанышы туралы ой ойлау ауыр болғанмен сөз айту – ақын үшін ең оңай нәрсе. Сіздердің көңілдерің қалап тұрған сол сөз кез-келген жәй адамның, кез-келген ақынның жүрегіндегі жарасы.

**Едіге ұрпағы.** Ақын інім! Алла тағала сәтін салып, біздерге Қазығұрттың басында, әуелі, мына ақсақалға (*Қазақбайды көрсетеді*) сосын саған кездестірді. Өсиет орындап жүргендердің де, өз жолымен келгендердің де ойында бір сөз, жүрегінде бір арман! Оның аты – бірлік, татулық! Осы сөзді біздердің бабаларымыз мың жыл бұрын өсиет еткен екен. Бүгінгі байқағанымыз ол сөз жалпы халық арманы екен. Мың жыл бұрын өмірден өткеннің де дәл бүгінгі тірінің де арманы екен! Ол туралы ақыннан артық кім толғана алмақ! Бәріміздің атымыздан, ел жүрегіне жетерлік, заманның да, адамның да ниетіне сәйкес сөз құрастырсаңыз! Ол жай ғана сөз болмасын, болашаққа өсиет бола аларлықтай сөз болсын!.. Біз осы арадан жан-жаққа тарап кеткенде түбі түркі тамырлас елдерге алып кетерлік, байтақ қазақ даласына таратарлық, ел арманы бола аларлық сөз құрастырып беріңіз. Ел арманы деп айта жүрерміз...

*Ақын ойланып қалады. Сәл ұзақтау домбыра күйін келтіреді.*

**Ақын.** Айтып көрелік. Алла тағала аузымызға не салар екен...  
Бисмиллаһи р-рахмани р-рахим!

...О, Жаратқан! Жалбарындым, Құдірет!  
Сөз айт дейді, сәтті күні, кезі кеп!  
Қазығұртқа жетектеген дәл бүгін,  
Жүрек нені, жүрек нені сезіп еді!..

*Ал тыңдаңыздар.*

...Тегің – Адам, барша халық туысқан,  
Жау іздеме жұмыр жерден, жуықтан!  
Соғыс деген – бай мен патша ермегі,  
Байлық қуған, билік қуған, құныққан.

Атқарыңдар Адам атты міндетті...  
Жаулық іздеп дегеніне кім жетті?!  
Өмір сәні – табиғатты қызықтау,  
Қоздырмаңдар қызғанышты, індетті!

Ей пенделер, елді мәңгүрт қорлайды,  
Тексіз-арсыз, құмарпаз бар – сол қайғы.  
Бірлік болса, тірлік болар басыңда,  
Жақын-жуық ырылдасса – сорлайды.

Енді ешкім ноқта салмас басыңа,  
Тек тәуелді етер ішер асыңа.  
Енді жарыс – өнер, білім жарысы,  
Біліктіңді жасыттым деп тасыма...

*деп жатыр ғой жоғарыдағылар, ал біз оларға бір ауыз сөз қосалық...*

...Мына заман – неткен залым, жебір ед?,  
Тірлік керек бұрынғыдан көбірек!..  
Қауым керек қарсы тұрар жебірге,  
Кеш қалмаңдар!, бірігіңдер тезірек!

Кеш қалмаңдар!, бірігіңдер тезірек!

### **Дауыстар.**

- Бірлік!
- Бірлік!
- Бірлік!
-

**Едіге.** Ақын елдің тілі деген осы!

**Томирис ұрпағы.** Ағажан-ай! Сіздей ұлы бар елдің басына бірлік те қонар, бақыт та қонар-ау!.. Бар болмысыңыз аталар антынан жаралғандай неткен жан едіңіз!.. Солай да болар! Әйтпесе, жайдан-жай дәл бүгін осы мыңжылдық өсиет-ант үстіне тегін адам кезігеді деймісің?..

**Ақын.** Халқыңа бақыт тілеген ниетіңнен айналайын, қарындасым!.. “Ағажан!” – деген үніңнен айналайын, қарындасым!.. Қазығұртқа бір арман жетектеп алып ұшып келіп едім, бақ құсым сен емес пе екенсің, қарындасым!..

**Томирис ұрпағы.** Жай құс болып далада жүргенше, қондырар қуатты білегі бар, елін сүйген ақын жүрегі бар ағаның бақ құсы болғанға не жетсін!..

**Қазақбай.** Міне жауап!

**Бұхар жырау ұрпағы.** Өзіліңнен айналайын, ата-баба! Тіліңнен айналайын, ана тілі!

**Қазақбай.** Шіркін, жастық! Шіркін, табиғат! Жарасымыңнан айрылмасаң ғой!

**Бұхар жырау ұрпағы.** Біздер осы жерге бабалар тапсырмасымен жиналған едік. Шаруамыз бітті! Мақсатымыз орындалды! Жолымыз да болған секілді. Енді қайтамыз.

**Ақын.** Біздің де мақсатымыз орындалды.  
Қазығұрттың ауасын көкірек толтыра бір жұттық!  
Ниет тазарғандай!  
Пейіл ағарғандай!  
Қараңдаршы! Қарындасым, сен де қарашы!  
Менің қуаныш толы көзіме!  
Бақыт толы жанар қандай!  
Сезімді шақта осылай өлең-сөзді айтамыз!  
Біз де сіздерменен бірге қайтамыз!..

**Бұхар жырау ұрпағы.** Бұл жиналғандар әр елдің азаматтары! Келген шаруамызды, тындырған ісімізді жолшыбай толығырақ айтармыз. Қайтсақ қайталық. Алла тағала жолымызды оңғарсын!

**Ақын.** Аумин!.. Тілегіңіз қабыл болғай!.. Сіздер алыстың қонақтары болсаңыздар, біздің дарқан даламызға келіп “қазақтың бөлінбейтін



еншісі – Ұлытауын” қалай көрмей қайтасыздар!.. Сарыарқаның сарқымызының дәмін қалай татпай кетесіздер?.. Бір татсаңдар өмір бойы сағынып, тамсанумен өтесіздер!.. Бауырларым! Мен ондай өкінішке жол бере алмаймын!.. Мен сіздерді қонаққа шақырамын!.. Кеттік біздің Ұлытауға!.. Той жасаймын!..

Бастарымыз бірігіп қалған екен!

Біріңді де тойлатпай жібермеймін!..

Біріңді де билетпей жібермеймін!

Бір Ұлы тойымның бар екенін білетінмін!

Сезуші едім жүрек тербеп жүретінін!

Жеткен екен ғой сол тойым!

Той жасаймын!

Көптен күткен ұлы той!

Билетпей жібермеймін!

Тойлатпай жібермеймін!

Кеттік біздің Ұлытаудағы көптен күткен Ұлы тойға!..

*Шымылдық жабылады. Арғы жағындағы дауыстар естіліп жатады.*

### **Дауыстар.**

- Барамыз!
- Неге бармайық!
- Ұлытауды көреміз! Қымызға қанамыз!
- Тойлаймыз! Билейміз! Көптен күткен Ұлы той!
- Бірлік тойы!
- Бірлік тойына барамыз!
- Бірлік тойын тойлаймыз!

*Жарық қараңғылана бастайды. Жоғарыдан бір құдірет жақындағандай әсерлі дауыс естіледі.*

- **Тойларың құтты болсын!..**

*Кенеттен жан-жақ жап-жарық болып кетеді. Сахна ашылады. Бірін-бірі құттықтап, қол алысып, құшақтасып жатқан кісілер көрінеді.*

**Қазақбай.** *Залда отырған кісілере қарап:*

Менің сіздерден бір сұрағым бар. Мына бір-бірін құттықтап жатырған адамдардың қуанышына Сіздер де ортақ болыңыздар! Мен кәзір “Тойларымыз құтты болсын” деймін содан соң барлығымыз қосылып айтамыз. Ал:

- Тойларымыз құтты болсын!

Бүгінгі күн жүректеріне бақыт сыйлаған бұл бауырларды біз енді “Бақыттарың баянды болсын, жас ұрпақ” деп құттықталық. Ал:

– Бақыттарың баянды болсын, жас ұрпақ!

Ал енді біз оларға да, өздерімізге де бір ерекше тілек тілелік... Барлығымыз қосылып, бірауыздан: “Бірлігіміз берік болғай!” делік...

– Бірлігіміз берік болғай!!!

*Шымылдық жабылады.*

*Бір құдіретті дауыс:*

Бұдан 3000 жыл бұрын бабаларымыз дүние жүзіндегі ең ірі ел орнатып еді.

Бұдан 2000 жыл бұрын аталарымыз өздерін қытай елінен жоғары қоюшы еді.

Бұдан 1000 жыл бұрын әкелерімізге бүкіл Еуропа елдері тәуелді болған болатын.

Кәзіргі кезеңнің даму процесінің ерекше екенін ойлап, кездесу уақытын ендігі жерде әр жүз жыл сайын өткізіп тұруды ұсынамын. Келесі кездесу 2101 жыл, осы Қазығұрттың басында!..

Кездескенше күніміз жақсы болғай!..

Шымылдық.